



АҚОРДА

АТА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІНІҢ БОЛАТТАЙ БЕРІК ҚАЛҚАНЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиынға қатысты.

Құрмет караулы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Әнұраны орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Президент сөз сөйледі.

— Бүгін баршаның тарихымыздағы аса маңызды, мән-мағынасы айрықша, ел өмірінде ошпес із қалдыратын оқиғаның куәсі болдыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде бүкіл халық атынан Ата заңымызға қол қойдым. Сонымен қатар Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым.

Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болдык. Еліміздің барша халқына Ата заңымыз құтты болсын дегім келеді! — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, Конституция — мемлекетіміздің ұзақмерзімді максат-мұратын айқындайтын, ұлттымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат.

— Бұл — шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды. Конституциямыз — табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі.

Біз бүгін бір ел болып ұлт жылнамасының жаңа межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпыхалықтық референдум ойлағандай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жанару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік — ақылға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек.

Бұл референдум берекелі бірлік пен ырысты ынтымағымыздың тағы бір өнегелі көрінісі және нышаны болды. Біз халқымызға тән нағыз отаншылдық рухын сезіндік, олардың риясыз қолдауына куә болдық, — деді Мемлекет басшысы.

Президент осы тұста мемлекет тағдырына бейжай қарамай, дауыс беру науқанына атсалысқан барша азаматқа зор алғыс айтты. Ұлт мүддесін терең түсініп, Ата заңды қолдап, дауыс беруді тарихи миссия санаған жұртшылыққа шынайы ризашылығын білдірді.

— Бұл орайда Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылорда облыстарының және басқа да аймақтардың Ата заңды мақұлдап, дауыс берген тұрғындарына алғысымды айтқым келеді.

Сондай-ақ осы тұста Қазақстан жастарының ерекше белсенді болғанын атап өту қажет. Олар заңға жазушы Әбіш Кекілбаев айтып кеткен «ұлттық жауапкершіліктің» озық үлгісін көрсетті. Мұны заңды құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Өйткені жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданып отыр.

Бұған дейін де айттым, қазір де қайталаймын: еліміздің болашағы — жастарымыздың қолында! Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Жастарымыздың қарым-қабілеті айрықша, талант-дарыны мол, әлеуеті зор, күш-жігері мықты! Қазақстанды әлемдегі ең озық, дамыған елдердің қатарына қосатын да — сіздер! Бұған еш күмәнім жоқ! Бүгін төрге озып, тұғырына қонған жаңа Халық Конституциясы сіздерге бағдар беретін темірқазық болады. Себебі, бұл — келер ұрпақпен бірге жасай беретін қасиетті құжат, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕКТІҢ ӨЛШЕМІ

Мемлекет басшысы осы орайда Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталды. Комиссия мүшелері өте ауқымды, тиімді жұмыс атқарып, мемлекет пен қоғамның өзара сенімі және серіктестігі аса маңызды екенін айқын көрсетті.

— Жалпыұлттық коалиция мүшелері де қажырлы қызмет етті. Олар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, қажетті үгіт-насихат жұмысын ойлағандай атқарды. Бүгін осы тарихи сәтке орай, мен Комиссия құрамында болған барша азаматқа және Коалиция мүшелеріне ерекше ризашылығымды білдіремін.

Еліміздің әр аймағы, ауданы мен қаласында қоғамдық белсенділер, олардың ішінде еріктілер, яғни волонтерлер жоғары азаматтық жауапкершілік танытып, Халық Конституциясының қабылдануына зор үлес қосты. Баршаның рақметіміз айтамын.

Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң — қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция — көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі. Заман талабына сай жаңғырған бас құжат мемлекеттіміздің сан ғасырлық тарихынан хабар береді. Қазіргі Конституция нағыз Ұлт заңы деген атқа лайық. Оның өне бойында бабаларымыз аманат еткен елдік пен ерлік рухы, салт-дәстүр, жасампаздық және жанашылдық ұғымдары тоғысқан, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

САУДА САЛАСЫНДА СЕРПІН БАР

Мемлекет басшысы Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевті қабылдады.

Президент сауда саласының қазіргі жай-күйі мен алдағы даму бағыттары туралы есепті тыңдады.

Мемлекет басшысына 2025 жылдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің 19 пайызға жуығы сауда-саттыққа тиесілі екені баяндалды. Қазақстан экономикасының маңызды секторларының бірі саналатын салаға 1,2 триллион теңге инвестиция құйылған. Ал тауар айналымы 8,9 пайызға ұлғайып, 80,3 триллион теңгеге жеткен.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа электронды сауданың дамуы жөнінде мәлімет берілді. Былтыр оның



көлемі 3,9 триллион теңгені құраған. Бұл — бөлшек сауданың 15 пайызына тең. Елімізде 10 логистика орталығынан тұратын желі қалыптасты. Астана мен Алматы қалаларында екі ірі фулфилмент-орталық салынып жатыр.

Сауда және интеграция министрілігі еліміздің экспорттық әлеуетін нығайтуға айрықша мән

беруде. Жаһандағы экономикалық сын-қатерлерге қарамастан, сыртқы нарыққа шығарылатын шикізаттық емес тауар түрлері мен қызметтер көлемі 41 миллиард долларға жетті. Экспорттаушыларды қаржылай қолдау тетіктері айтарлықтай кеңейді. Атап айтқанда, сақтандыру сомасының максималды мөлшері 1,2 триллион теңгеге

дейін көбейіп, қолдау шаралары екі есе артты.

Мемлекет басшысына Еуразиялық экономикалық одақ аясында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтылды. ЕАЭО құрылғаннан бері 70 сауда келерісінің 69-ы жойылды. Келіссөздер нәтижесінде, еліміздің бірқатар мәселеге қатысты ұстанымы ескерілді. Оның қатарында Қазақстан кәсіпорындарына демпингке қарсы баж салығын төлемей, кейбір тауар түрлерін кіргізуге квота беру секілді маңызды мәмілелер бар.

Президент ведомствоға заманауи сауда экожүйесін қалыптастыру, отандық өндірістің өсуіне қолайлы жағдай жасау, тұтынушылардың құқықтарын жан-жақты қорғау, экспорттық әлеуетті нығайту, сондай-ақ елдің экономикалық мүдделерін ілгерілету жөнінде бірқатар міндет жүктелді.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА – ЖАҢАРҒАН ЕЛДІҢ ДІҢГЕГІ

Мемлекет басшысы мәслихат депутаттарының III республикалық форумында «мемлекетіміздің жаңа энергетикалық арқау-каркасын жасауға кіріскенімізді» мәлімдеді. Әлемдік геосаяси текетіреттер және дәстүрлі энергия ресурстарының қымбаттауы жағдайында еліміз Жер-анаға жара салмайтын экологиялық таза қуатты дамытуға батыл бет бұрып, энергетикалық тәуелсіздікке аяқ басты. Биыл салада қолға алынған ауқымды жобалар осы стратегиялық бағыттың басты қозғаушы күшіне айналмақ. Табиғатпен үйлесім тапқан жаңартылатын энергия көздерін игеру — бүгінгі қажеттілік қана емес, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

ҚАЛАУЫН ТАПСА, БУ ДА БЕРЕКЕ

Бұл жай ғана технологиялық жанару емес, ұлттық қауіпсіздік пен экологиялық мәдениеттің тоғысқан тұсындағы тарихи таңдау. Президент биылғы жылды жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамытудағы серпінді кезең ретінде айқындап, Үкіметке нақты міндеттер жүктелді. Бұл — стратегиялық пайым мен уақыт талабының үндесуі. Қасым-Жомарт

Тоқаев жариялаған елдің жаңа энергетикалық арқауы, ең алдымен, экологиялық таза, «жасыл» энергетикаға негізделуге тиіс. Басқаша айтқанда, әлгіміз тек генерация көлемін арттыру емес, бір мезгілде екі міндетті шешуге талпыныс туралы: елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жаһандық декарбонизация күн тәртібіне сай келу.

(Жалғасы 4-бетте)

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Израиль Мемлекетінің Президенті Ицхак Герцогпен телефон арқылы сөйлесті.

Израиль Президенті Мемлекет басшысын жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылдануымен құттықтады.

Әңгімелесу барысында президенттер екі ел арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен келешектегі даму перспективасын, әсіресе, сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты кеңейту мәселелерін талқылады.

Ицхак Герцог Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық мемлекет ұзақмерзімі экономикалық даму жоспарын жүзеге асыру үшін бейбітшілік қажет деген пікірімен келісетінін жеткізді.

Қазақстан Президенті халықаралық даулы мәселелердің саяси шешімін ұдайы іздегісі керек деп санайды.

Израиль Президенті Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешімін жоғары бағалады. Оның пікірінше, бұл Таяу Шығыста бейбітшілік орнату мәселесіне стратегиялық тұрғыдан қараудың үлгісі болмақ.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ИГІЛІГІ МОЛ

Мемлекет басшысы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповты қабылдады.



Президентке компания қызметінің былтырғы нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткен жылдың қорытындысы бойынша холдингтің өндіріс көлемі 25,8 мың тонна уранды құрағаны, соның ішінде компания үлесіне 13,5 мың тонна тиесілі екені баяндалды. Сауда-саттық көлемі 11 пайызға өсіп, 18,5 мың тонна болды.

Мейіржан Юсупов Мемлекет басшысының бұған дейін берген тапсырмаларын орындау аясында «Қазатомөнеркәсіп» еліміздің минерал-шикізат базасын ұлғайту және геологиялық барлау жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырып келе жатқанын атап өтті. Шалқы ауданы 1 мың шаршы шақырымнан асатын алты жаңа перспективалық уран учаскесінен тұратын портфель қалыптасты, ал 2030 жылға дейін геологиялық барлау жұмыстарына жоспарланған инвестициялардың жалпы көлемі 75-85 миллиард теңгені құрайды.

Президентке уран өндіруші өнімдерді әлеуметтік қолдау туралы ақпарат ұсынылды. Мәселен, 2025 жылы компания облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуына 11 миллиард теңгеден аса, соның ішінде келісімшарттық

міндеттемелер аясында 6 миллиард теңге қаражат бөліні.

2025-2034 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес, компания жаңа өткізу нарықтарына қатысуы кеңейтіліп келеді. Былтыр швейцариялық AxproPower AG, чехиялық ČEZ Group және жапондық Kansai Electric Power Co., Inc. компанияларымен уран жеткізу жөнінде келісімшарттар жасалды. Қазіргі уақытта Үндістанға табиғи уран концентраттарын жеткізу бойынша ұзақмерзімді келісімшарт жасау жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

Кәсіпорын ғылыми зерттеулер мен инновациялар саласындағы жобаларға да атсалысады. Өндіріс тиімділігін арттыруға, экологиялық зиянды азайтуға және озық технологияларды енгізуге бағытталған 2034 жылға дейінгі ғылыми-технологиялық даму стратегиясы әзірленді.

Сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіптің» жария компания ретіндегі жетістіктері атап өтілді. 2018 жылы IPO-ға шыққан соңтан бастап компанияның нарықтық капиталдандырылуы 7 еседен аса өсті.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ресурстық базаны одан әрі дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және әлеуметтік бастамаларды іске асыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.



19 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

АТА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІНІҢ БОЛАТТАЙ БЕРІК ҚАЛҚАНЫ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Ата заң – мемлекет мүддесінің болаттай берік қалқаны. Конституциямыздың ең басты мақсаттары – жеріміздің тұтастығын, еліміздің Тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, қоғамдық әділет пен заң үстемдігін нығайтуға кепілдік беру, сондай-ақ білім, ғылым, инновация мен мәдениетті дамыту, тазалықты дәріптеп, табиғатты қорғауды қамтамасыз ету.

– Мемлекетіміздің бас құжаты – халық болмысының мызғымас нышаны, берекелі ауызбіршілігіміздің символы. Азаматтарымыз таңдаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне жол ашады! Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Біздің биік мақсаттарымыз, нақты жоспарларымыз бар. Көп сөзбей бәріміз осы міндеттерді іске асыруға кірісуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Халық Конституциясын әзірлеу мен қабылдау жалпыұлттық бірліктің салтанат құрғанын, жаңғыру стратегиясын мен реформалар жаппай қолдау тапқанын аңғартатынын жеткізді.

Әрине, бұл құжаттың тарихи маңызына қазіргі қоғам мен келер ұрпақ баға береді. Ал бізге мемлекеттік жылнамасын жазу миссиясы жүктелді. Бұл – абыройлы әрі жауапты миссия. Сонымен бірге азаматтық ой-пікірін арқылы туған Отанымыздың даму бағдарын белгілеуге берілген сирек мүмкіндіктердің бірі, тағдырдың сыбы. Сондықтан бәріміз тарихи әрі ұлы бетбұрыстың бел ортасынан табылып, тағдыршешті сәтке күз болдық деп сеніммен айта аламыз.

Референдумға қатысып, азаматтық жауапкершілік пен отаншылдық танытқан баршаңызға алғыс айтамын. Әсіресе,



жастарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Жас буын ел жылнамасына есімдерін алтын әріппен жазып, Ата заң авторларының біріне айналды. Қазақстанның бүгінгі мен келешегі жастардың қолында. Бұл – ешқандай ұран емес, қарапайым өмір заңы, мемлекеттік саясатымыздың өзегі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДАҒЫ АБЫРОЙ

Мемлекет басшысы референдумның табысты өтуіне орай өз атына достас мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтаулар келіп түсіп жатқанын айтты.

– Орайлы сәтті пайдалана отырып, халқымызға қолдау көрсетіп, тілектестіктерін жеткізген әріптестеріме ризашылық білдіремін. Алдымызда ауқымды

жұмыс тұрғанын, біз мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту жолын енді ғана бастағанымызды айрықша атап өткім келеді. Дүние дүрбелеңге толып, айналымда тұрақсыздық белең алған жағдайда бұл жолды енсерудің оңай болмайтыны, түрлі кедергімен бетпест келетініміз анық. Алайда жолдың қиындығына қарамай, алға қадам басуымыз керек. Ол үшін ұлтымыз ауызбіршілік танытып, жауапты әрі жасампаз патриотизмнің, терең білім мен кәсібиліктің үлгісін көрсетуі қажет. Біз көзделген мақсатымызға жетеміз. Жөніпаз болуға міндеттіміз!

Мен бүгін қол қойған Жарлық Ата заң ережелерін жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен шараларын айқындайды. Көп ұзамай Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес

конституциялық заң енгізіледі. Сонымен қатар сегіз конституциялық заңға және 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енгізу қажет. Заң шығару үдерісі алдағы Парламент сайлауымен қатар жүреді. Сайлауды жаңа сессияның ашылуына дейін өткізу жоспарланып отыр. Сол уақытқа дейін тиісті заңнамалық база әзірлеуді толықтай аяқтаған жөн, – деді Президент.

Елімізді құқықтық және саяси тұрғыдан түбегейлі жаңғырту жыл соңына дейін, тіпті келесі жылы да жалғасуы мүмкін. Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, алдымызда қазіргі билік институттарын реформалап, жанасым құру, сондай-ақ олардың құрылымы мен кадрлық құрамын өзгерту міндеті тұр. Конституцияның тың қағидалары құқықтық, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріміздің, басқаша айтқанда, тұтастайын-тіршілігіміздің ажырамас бөлшегіне айналады.

– Халық Конституциясы – стратегиялық сенім мандаты және ұзақ-мерзімді мақсаттар мен өрлеу жолына бастайтын жаңа қоғамдық келісім. Сондықтан еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты деп сеніммен айтуға болады. Соған сәйкес, мемлекет пен азаматтардың ықпалдастығы қайта жаңғыруы қажет.

Өздеріңізге мәлім, былтыр қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарға рақымшылық жасалды. Енді азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін бірқатар қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық бойынша тағы да рақымшылық жариялауға болады. Елімізде әкімшілік істер бойынша рақымшылық алғаш рет жасалатынын атап өткім келеді. Парламент қазіргі сессияның соңына дейін тиісті заң қабылдауы керек. Бұл – Негізгі заңдағы адамгершілік идеялары мен прогрессивті құндылықтарды қоғамда орнықтыратын маңызды қадам.

Жаңа Конституция – халқымыздың ынтымақ-бірлігінің жарқын символы. Оның баптарында әрбір қазақстандықтың арманы мен ансары, ұрпағының баянды болашағына деген үміті мен сенімі көрініс тапқан. Ата заң барша азаматтың – Отанымыздың шынайы патриоттарының басты бағдарына айналады. Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлтымыздың берік әрі мызғымас тұғыры. Менің бұған ешқандай күмәнім жоқ. Сіздердің де шүбәларыңыз болмайды деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңа Конституцияны қабылдау – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру екенін атап өтті. Бұл – дұрыс пен бұрысты тани білетін, жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата алатын, кемеліне жеткен жұрттың ғана қолынан келетін іс. Егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түспек.

– Әділдік қағидаты бас құжаттың өзегіне айналды. Сондықтан жаңа Ата заңды Әділетті Қазақстанның төлқұжаты десек, қателеспейміз. Мен ел Президенті және Конституция кепілі ретінде бас құжаттағы ережелердің мүлтіксіз орындалуы үшін бар күш-жігерімді саламын. Жаңа Конституциямызға сәйкес адал қызмет етуге серт беремін. Еліміз әрқашан өсіп-өркендей берсін! Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы мәңгі жасасын! – деп түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Парламент палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламент палата-

ларының бірлескен отырысы 2026 жылғы 20 наурызда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң жобасын және еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Сонымен қатар Ұлыбританиямен стратегиялық әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады.

Жиын басында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов кеше Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты іс-шара өткенін еске салды. Ол референдум еліміздің Президент бағдарының манайына ұйысып, барынша тұтастана түскенін көрсеткенін атап өтті.

– Жұртшылықтың осы тарихи іске белсене қатысып, жаңа Конституцияны 87% қолдап дауыс беруі – халықтың Мемлекет басшысына деген зор сенімінің айқын дәлелі. Ата заңға тікелей ұйытқы болып, оған көптеген прогрессивті новеллалар енгізген Президентіміздің нағыз жеңісі. Бұған әлем елдері де назар аударып, лайықты бағасын берді. Мемлекет басшысының атына шет мемлекеттердің басшыларынан құттықтаулар түседі. Бұл ретте, жаңа Халықтық Конституцияның халықтан жаппай қолдау тапқаны – біз үшін зор мерей. Бұған өмірлердегі кездесулер барысында да нақты көз жеткіздік, – деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов депутаттардың жұмысы мұнымен бітпейтінін атап өтті. Кеше Президент Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойды. Депутаттар қысқа мерзімде конституциялық түзетулерді заңнамалық тұрғыда бекітіп, соның ішінде Президент туралы, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және елдің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы бес жаңа конституциялық заңды қабылдауға тиіс. Спикер әріптестерін бұл жұмысқа барынша жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Жалпы отырыс барысында депутаттар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заң жобасының жаңа редакциясын және оған ілесіп түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Құжаттарды депутаттарға Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай таныстырды. Оның айтуынша, жанарған заң кәсіби, ашық әрі нәтижеге бағытталған мемлекеттік қызмет моделін қалыптастырады, мұнда басты басымдық процесс емес, адам болады.

– Алғаш рет заң деңгейінде мемлекеттік қызметті атқарудың негізгі қағидалары нақты айқындалып отыр. Отаншылдық, кәсібилік, ашықтық, клиентке бағдарлану, этика, мінсіз бедел және құқықбұзушылықтар мен мүдделер қаттығысына мүлдем төзбеушілік – бұл абстрактылы ұрандар емес. Бұл әрбір мемлекеттік қызметшінің міндетті орындауға тиіс нақты талаптар, – деп түсіндірді Агенттік басшысы.

Оның айтуынша, сервистік қағида тек дәстүрлі мемлекеттік қызметтермен шектелмейді. Бұл азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін қоршаған ортаны қорғау, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, халықтың денсаулығы, білім беру және басқа да салаларды да қамтиды. Олардың сапасы нақты критерийлер бойынша қоғамдық мониторинг арқылы бағаланады.

Дархан Жазықбай заң жобасында мансаптық өсудің жаңа тұжырымдамасы енгізілетінін айтты. Яғни, тек жоғарылау емес, сонымен қатар лауазым шеңберінде кәсіби даму мүмкіндігі қарастырылған. Бұл мемлекеттік қызметке талантты әрі ынталы мамандарды тарту үшін қажет. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуы күшейтіледі. Қызметтік ауысулар кезінде кепілдіктер беріледі, демалыс және мереке күндері жұмыс істегені үшін міндетті өтемақы қарастырылады, еңбек өтіліне байланысты қосымша демалыс күндері енгізіледі. Ал кезінде 25 жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілерге зейнетке шыққан кезде төрт лауазымдық жалақы көлемінде міндетті төлем көзделген.

Жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Марат Башимов өз баяндамасында заң жобасында тәртіптік жауапкершілікке қатысты тәсілдер қайта қаралатынын айтты. Мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тартудың негіздері, шарттары мен тәртібі жетілдіріліп және ауырлатын мән-жайларды ескере отырып айқындалады. Тәртіптік жазаларды қолдану мерзімі құқықбұзушылық анықталған



сөттен бастап үш айға дейін және жасалған сөттен бастап бір жылға дейін ұзартылған.

– Мемлекеттік қызметшінің жұмыстан шығару негіздерінің бірі есірткі заттарын алдын алу жөніндегі жаңа қызмет енгізіледі. Ол тәртіптік комиссияның жұмысын үйлестіріп, қызметтік әдептің сақталуын бақылап, мемлекеттік қызметшілердің әрекеттеріне қатысты шағымдарды қарайды, сондай-ақ соттарда олардың мүдделерін қорғайды.

Талқылау барысында депутаттар ұсынылған нормаларды іске асыру үшін қажет қосымша бюджет қаражатының көлемін нақтылады. Жас мемлекеттік қызметшілерді қорғау мен оларға артықшылық беру шаралары, мүгедектері бар азаматтардың мемлекеттік қызметтегі үлесін арттыру, жалақыны индексстеу кезінде ескерілетін көрсеткіштер және Еңбек кодексіне белгіленген жұмыс уақытынан

тыс артық жұмыс істеуді реттеу тетіктері бойынша сұрақтар қойылды.

Сондай-ақ Парламент депутаттары бастамашылық еткен еңбек заңнамасын жетілдіру жөніндегі түзетулер бірінші оқылымда мақұлданды. Оларды депутат Арман Қалықов таныстырды.

– Заң жобасында жұмыскерлер құқықтары қағидаларының тізбесін кеңейту ұсынылады. Оған қызметкердің ар-намысы мен кадр-қасиетін қорғау, жеке өміріне қол сұғушылықтан қорғау кепілдіктерін енгізу көзделген. Жұмыскер еңбекке уақытша жарамсыз немесе әлеуметтік демалыста болған кезде, оның жұмыстан босатылатын соңғы күнін есептеу тәртібін нақтылау ұсынылып отыр. Сондай-ақ ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өту уақытына ақы төлеу белгіленді, – деді заң жобасының бастамашысы.

Сонымен қатар жұмыс берушінің еңбек жағдайлары өзгергені турасында қызметкерді жазбаша хабардар ету міндеті енгізіледі. Түзетулер қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібін де реттейді, оның ішінде материалдық жауапты тұлғалар үшін еңбек қатынастарын тоқтату күнін анықтау және жұмыс берушінің мүлкін (құжаттарын) тапсыру-қабылдау рәсімдерін аяқтау шарттары белгіленді.

Әлеуметтік әріптестікті дамытуға бағытталған түзетулер аясында әкімдіктерге өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру, мемлекеттік еңбек инспекциясымен, жұмысшылардың және жұмыс берушілердің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік ұжымдық комиссиялардың жұмысын қамтамасыз ету функциялары беріледі.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары үшін еңбек қатынастарын, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, әлеуметтік әріптестік салаларында біліктілікті тұрақты арттыру міндеті енгізіледі. Сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың құқықтары бекітіледі, олар ақпарат сұратуға, бөлімшелерге баруға, жазатайым оқиғаларды тергеуге және тексерулерге қатысуға, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы болады.

Түзетулер бойынша жұмыс Мәжіліс депутаты Құдайберген Бексұлтанов жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сонымен қатар депутаттар 2024 жылғы 24 сәуірде Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады.

Сыртқы істер министрі Еркем Көшербаев бұл келісім Ұлыбританияның 2020 жылдың басында Еуропалық Одақтан шығуына байланысты жасалғанын түсіндірді.

Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы, жұмыс тобының жетекшісі Айгүл Құспан аталған келісім екі ел арасындағы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды қарқынды дамытуға берік негіз қалыптастыратынын атап өтті.

Құжат аясында сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды кеңейту, қауіпсіздік, кәсіпкерлік, кедендік қатынастар, еңбек құқығы, әділ сот, зияткерлік меншік, энергетика, инвестициялар, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы стратегиялық әріптестікті терендету көзделген.

Сонымен қатар салалық комитеттер мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының ескертпесі мен мәлімдемесін алып тастау туралы құжатқа қорытынды әзірлеу жөніндегі, сондай-ақ Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ арасындағы Қазақстанда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімді және осы орталыққа қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау жөніндегі жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс соңында депутаттар өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 17 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында жарияланған.



БАР МЕКТЕПКЕ – ОРТАҚ ТАЛАП

Астанада «AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Басқосу барысында жеке білім беру ұйымдарын қаржыландыру жүйесін реформалау, бюджет қаржының ашық әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және саланы реттеу ісіндегі мемлекеттік органдардың ролін арттыру мәселелері талқыланды.

Іс-шараға Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының, қауымдастықтардың өкілдері және бейнеконференц байланыс режимі арқылы өңірлердегі партияластар қатысты.

Сөз басында Мәжіліс депутаты, кеңес төрағасының орынбасары Мұрат Әбенос елімізде жана Конституция қабылданғанын және аталған құжатта білім беру саласына баса назар аударылғанын атап өтті.

«Кейбір жеке мектептер сапалы салынып, заманауи технологиямен қамтылып, оқушылар теориямен бірге тәжірибе алмасуына барлық жағдай жасалып отыр. Ал кейбір мектептердің тек канкасы ғана бар. Ондай білім ошақтары тек бюджет қаражатын алып, балалар санымен есеп беріп келді. Тіпті, оқу сапасы бірде-бір рет тексерілмеген жекеменшік мектептер бар. Ал мемлекеттік мектептерге барынша қатаң бақылау жүргізіледі. Сондықтан мұндай бөліп-жаруға жол беруге болмайды. Жеке мектепке де,

мемлекеттік мектепке де ортақ талап қойылуы керек. Жана Конституцияда осы мәселе нақты айқындалды», – деді депутат.

Өз кезегінде Оқу-ағарту вице-министрі Жайық Шарабасов жеке білім беру ұйымдарын қаржыландыру жүйесін реформалау барысы жөнінде баяндады.

«Кейінгі жылдары білім ошақтарындағы орын тапшылығы мәселесін шешу мақсатында елімізде жеке мектептерді қаржыландыру жұмысы жолға қойылған еді. Нәтижесінде, жеке мектептердің саны артып, мемлекеттік бюджеттің жүктемесі де ұлғайды. Мәселен, А2 санатындағы мектеп құрылысына бөлінген қаржы шығыны 2020 жылы 13 млрд теңгеден, 2025 жылы 225 млрд теңгеге дейін артты. Ал инвестициялық шығын 1,6 млрд теңгеден 42,9 млрд теңгеге дейін өсті. Осылайша, 2020-2025 жылдар аралығында мектеп құрылысына қарастырылған инвестициялық шығын 111 млрд теңгені құрады. Осы қаржыға

мемлекет 35 мектеп тұрғызар еді. Соған қарамастан, мектептердегі орын тапшылығы мәселесі шешілген жоқ. Мәселен, 2020 жылы 164 мың оқушыға орын жетіспесе, биыл 250 мың оқушыға орын жетпей отыр», – деді депутат.

Бұл ретте «Әділет» жекеменшік білім беру ұйымдары қауымдастығының төрағасы Динара Құдайқұлова жеке білім беру секторында бұзушылықтар саны өте көп екенін мәлімдеді.

«2021-2025 жылдары 160 жеке мектепте тексеру жүргізілді. Оның барысында өте көп бұзушылық анықталды. Нәтижесінде, 16 млн теңге соммасына жуық айыппұл салынды. Көп жағдайда бұған жеке мектептердің ғимараты білім беру ісіне сай келмеуі, білім сапасының төмендігі, ұстаздар қауымының жетіспеушілігі себеп болды. Алайда аталған салаға инвестиция құйылып, ғимарат тұрғызып, көп күш салып жүрген адал азаматтар да аз емес», – деді ол.

Жиын соңында кеңес төрағасының орынбасары Мұрат Әбенос жана Конституцияда қамтылған нормаларға сәйкес, балалардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету ісіне баса мән беру қажет екенін атап өтті. Айта кетейік, жана Ата заңға сәйкес, білім, ғылым, инновацияны дамыту мәселесі мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде айқындалды.

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Берік Беркімбаев тұрғындарды қабылдады.

БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ



Іс-шараға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев, сондай-ақ Тұрғын үй басқармасы мен «Отбасы банк» қалалық филиалының басшылық өкілдері қатысып, азаматтардың өтініштерін жан-жақты қарастырды.

Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспана алуға қатысты өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, үй кезегінің жылжымай жатқаны, кей жағдайда өте баяу ілгерілейтіні жөнінде шағымдар айтылды. Сонымен қатар азаматтар көріз жүйесінің жағдайы, көшелер мен аулаларды жарықтандыру сияқты инфрақұрылым мәселелерін де ортаға салды.

Қабылдау барысында әкім орынбасары Берік Беркімбаев көтерілген әрбір мәселені тиісті сала басшыларымен бірге талқылап, оларды шешу жолдарын қарастырды. Кейбір мәселелер сол жерде оң шешімін тапса, күрделі әрі қосымша зерделеуді қажет ететін түйт-

кілдер арнайы хаттамаға енгізіліп, бақылауға алынды.

Жиын барысында азаматтарға қолданыстағы заңнама аясында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға баса мән берілді. Сондай-ақ алдағы уақытта көтерілген мәселелер бойынша тиісті зерделеу жұмыстары жүргізіліп, нақты шешімдер қабылданатыны айтылды.

Мұрат Жолдыхожаев өз кезегінде мұндай қоғамдық қабылдаулардың маңыздылығына тоқталып, тұрғындардың мәселелерін жүйелі түрде шешу партия жұмысының басты бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Айта кетейік, «Құқықтық көмек» партиялық жобасы – азаматтардың әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерін жедел шешуге бағытталған тиімді алаңдардың бірі. Мұндай қабылдаулар халық пен билік арасындағы ашық диалогты нығайтып, тұрғындардың нақты мәселелеріне дер кезінде назар аударуға мүмкіндік береді.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ ТРЕНЕРЛЕРІН ДАЯРЛАЙДЫ

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының бастамасымен «AMANAT AI ToT» ауқымды оқыту бағдарламасы іске қосылды. Kuzylorda Hub бизнес-инкубаторы, Daryn Ustaz және Қорқыт Ата атындағы университеттің қолдауымен басталған жасанды интеллект бойынша интенсивті оқыту бағдарламасы Цифрландыру және жасанды интеллект жылы және «Цифрлық қоғам» партиялық жобасын іске асыру мақсатында қолға алынып отыр.



Бағдарлама өңір жастарының цифрлық сауаттылығын арттырып, жасанды интеллект технологияларын меңгерген жана буын көшбасшыларын қалыптастыруға бағытталған.

Екі күнге созылатын оқыту бағдарламасына облыстың әр ауданынан іріктелген 30-дан астам белсенді жас қатысуда. Жобаның негізгі мақсаты – аудан жастарына заманауи технологияларды үйрететін өңірлік тренерлерді даярлау.

Бағдарламаның ашылу рәсімінде сөз алған партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай қатысушыларға сәттілік тілеп, партияның цифрландыру бағытындағы жүйелі жұмыстарына тоқталып өтті.

«Бүгінде «AMANAT» партиясы цифрландыру бағытын стратегиялық басымдықтардың бірі ретінде қарастырып келеді. Былтыр партия Daryn Ustaz орталығымен бірлесіп, Ustazga AI жобасын іске қосты. Бұл бастама мыңдаған мұғалімнің жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануына жол ашты. «Жастар Рухы» ЖК өңірде бірнеше жыл қатарынан 10-11 сынып оқушылары арасында «CP Open Cup II 2024» спорттық бағдарламалау олимпиадасын ұйымдастырып, жеңімпаздарға Қорқыт Ата университетінің білім гранттарын табыс етуде.

Ал бүгінгі «AMANAT AI ToT» бағдарламасы – сол жұмыстың заңды жалғасы. Бұл жоба – тек білім беру алаңы ғана

емес, өңірлердегі цифрлық теңсіздікті азайтып, жастарға нақты мүмкіндік беретін маңызды қадам. Екі күнде осыдан білім алған жастар ертен өз аудандарына барып, жүзделген жастың цифрлық сауатын арттыруға үлес қосатын болады. Сонымен қатар рухтастарымыз алдағы уақытта мүмкіндігі шектеулі жастарға үйден отырып, білім алуға қолайлы жағдай жасау, IT саласын үйрету мақсатында META GALAM жобасын жүзеге асырмақ», – деді Жандос Базартай.

Салтанатты шарада Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева және Daryn Ustaz педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығының директоры Ерлан Әбдіманов жоба тиімділігі жөнінде пікір білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Айта кету керек, «AMANAT AI ToT» бағдарламасы барысында қатысушылар генеративті жасанды интеллект негіздерін меңгеріп, нейрожелілермен жұмыс істеу қағидаларын үйренеді. Сонымен қатар ЖИ көмегімен мәтін, сурет және презентациялар дайындау, заманауи vibecoding тәсілдері арқылы бағдарламалау дағдыларын игеру қарастырылған. Бағдарламаның маңызды бағытының бірі – (Training of Trainers) форматы. Яғни, қатысушылар күрделі технологияларды қарапайым тілмен түсіндіруді, сондай-ақ өз өңірлерінде оқыту іс-шараларын ұйымдастыру әдістерін меңгереді.

Екі күнді оқыту қорытындысы бойынша, барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысты, тегін курс берілетін болады. Алдағы уақытта олар өз аудандарында жастарға арналған оқыту курстарын өткізіп, өңірдегі цифрлық білім деңгейін арттыруға ықпал етеді деп күтілуде.



300-ден АСТАМ КІТАП ТАРТУ ЕТТІ

«AMANAT» партиясының Ақмола облыстық филиалы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Miras кеңесінің 2025 жылғы 11 маусымда көшпелі отырысы өтті. Оның аясында кеңес мүшелері Бурабай ауданының Зелёный Бор ауылындағы күрделі жөндеуден өткен Мәдениет үйінде орналасқан ауылдық кітапханаға барды.

Іс-шара барысында кеңес мүшелері кітапхана қорымен танысып, қазақ тіліндегі көркем әдебиеттердің аз екеніне назар аударды. Осыған байланысты олар өздерінің жеке кітап қорынан кітап сыйлауға ниет білдірді.

Нәтижесінде, Miras кеңесі төрағасының орынбасары Құралай Ыдырысова ауылдық кітапханаға 300-ден астам кітап табыстады.

«Кітап – ұлттың рухани қазынасы. Ауыл кітапханаларының қоры байып, әсіресе қазақ тіліндегі әдебиеттер көбейсе, бұл жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға үлкен ықпал етеді. Сондықтан осындай игі

бастамаларды әрдайым қолдауға дайынбыз», – деді Құралай Ыдырысова.

Сонымен қатар «Кітап-AMANAT» жобасының амбасадоры Серік Жетпісқалиев өз шығармашылығынан бірнеше кітапты сыйға тартып, Зелёный Бор ауылындағы кітапхананың қызметкері Айгүл Абдрахмановаға тапсырды.

«Кітап – білім мен тәрбиенің бастауы. Әсіресе, ауыл кітапханаларының қорын толықтыру – қоғам үшін маңызды іс. Бұл бастама тұрғындардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, рухани дамуына өз үлесін қосады», – деді Серік Жетпісқалиев.

19 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА – ЖАҢАРҒАН ЕЛДІҢ ДІҢГЕГІ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Бұл ретте еліміздің энергетикалық келбетін түбегейлі өзгертетін кешенді шаралар мен алдағы жоспарлардың мән-маңызы айрықша. 2026 жылы дәстүрлі және жаңартылатын энергия көздері есебінен 2,64 гигаваат жаңа қуатты пайдалануға беру жоспарланған. Үкіметтің мәліметінше, бұл жобаларды іске асыру 2027 жылдың I тоқсанының соңына қарай елдегі энергия тапшылығы мәселесін толық шешуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, 2029 жылға қарай электр энергиясының тұрақты профицитіне шығу жоспарланып отыр. Энергетикалық тәуелсіздік – саяси егемендіктің материалдық кепілі. Сондықтан «қуып жетуші» энергетикадан «қор жинаушы» жүйеге көшу – заманның басты талабы.

Жаңа қуаттарды іске қосуды жеделдету қажеттігін Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында да атап өтті. Бұған бытырғы көрсеткіштер себеп болды: Қазақстан шамамен 3,7 млрд киловатт-сағат электр энергиясын сырттан импорттауға мәжбүр болды. Қойнауы қазынаға толы, ресурстық әлеуеті зор мемлекет үшін бұл – намысқа сын. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін биыл бірқатар ірі генерациялық нысанды іске қосу жоспарланып отыр. Олардың қатарында 4 бу-газ қондырғысы (БГК), 2 жел электр стансасы, 4 күн электр стансасы бар. Мұның сыртында қолданыстағы 2 электр стансасын кеңейту көзделген. Жалпы алғанда, бұл нысандар жыл сайын шамамен 16 млрд киловатт-сағат электр энергиясын өндіре алады.

«Жасыл» бағытта басты бір рөлді жалпы қуаты 2,4 гигаваат болатын ірі бу-газ қондырғылары иеленді. Олар Қазақстанның өндiстiк өнiрлерiн қосымша генерациямен – жарықпен және жылумен қатар қамтамасыз етпек. Бұл өнiрлерде электр энергиясының тапшылығы аса қатты сезiледi. Қызылорда облысында қуаты 240 МВт болатын БГК-сында iске қосу және реттеу жұмыстары жүргiзiлiп жатыр. Түркістан облысында қуаты 1 ГВт болатын ірі БГК қурылысы жалғасты. Сыртқы жеткізілімдерге жалтақтау – дамудың тежегіші. Ішкі генерацияны еселеу арқылы ғана өндірістің өркендеуіне жол ашамыз.



САЛАДА ТАРИХИ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Энергетикалық теңгерімді «жасыл» технологиялар есебінен әртарапандыруға ерекше көңіл бөлінеді: елдің энергетикалық қоржынында көмір мен газға тікелей тәуелді емес көздер көбірек болғаны маңызды. Осы орайда 2026 жылы ЖЭК пұлына қуаты 245 мегаватт болатын бірқатар жаңа, салмақты нысан қосылмақ. Қостанай облысында екі жел электр стансасы пайдалануға беріледі: Asran Energo – қуаты 50 мегаватт және «Гиперборя» – 100 МВт.

Сондай-ақ жалпы қуаты 92 МВт болатын төрт күн электр стансасын ел игілігіне тапсыру міндеті белгіленген. Бұлар Маңғыстау, Жамбыл, Жетісу және Қостанай облыстарында орналасады. Бұдан бөлек, Түркістан облысында «ТауЭнерго» компаниясының шағын су электр стансасы пайдалануға беріледі. Энергетика министрлігінің бағалауынша, осы барлық жоба арқасында 2026 жылы Қазақстанда ЖЭК-тердің электр өндірісі көлемі шамамен 8,8 млрд киловатт-сағатқа дейін жетеді. Әзірге, жаңартылатын энергия өндірісі 8,6 млрд кВт/сағатты құрады. 2025 жылғы жоспар 19,4%-ға асыра орындалып, жалпы электр энергиясы өндірісіндегі жаңартылатын энергетиканың үлесі 7%-ға жетті. Былтыр Қарағанды, Ақтобе, Маңғыстау,

Ұлытау және Жетісу облыстарында қуаты 503 МВт болатын 9 жаңа станса пайдалануға берілді.

Алайда табиғаттың мінезін тәуелді бұл саланың бір кемшілігі – өндіріс энергиясының көп ұзатпай жұмсауды талап етуі. Оны сақтау үшін алып аккумуляторлар қажет. Сондықтан маңызды оқиға – ел тарихында алғаш рет энергия қордалау жүйесі бар 1 гигавааттық жел электр стансасын салуға арналған аукционның өткізілуі болды.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, жылдың маңызды оқиғасы – Қостанай облысында энергия жинақтау жүйелерімен жабдықталған гигавааттық жел стансасын салуға арналған ел тарихындағы алғашқы аукционның өткізілуі. Сондай-ақ Түркістан облысында қуаты 300 МВт болатын күн электр стансасын салу туралы қытайлық Energy China инвесторымен келісімге қол қойылды, – деді министр.

ЖЭК-ті дамыту энергия жинақтау жүйелерін енгізумен қатар жүрсе жөн. Ірі жаңартылатын энергия жобалары аясында жалпы сыйымдылығы 3 ГВт/сағаттан асатын жинақтау жүйелерін енгізу көзделген. Бұл төмен сұраныс сағаттарында артық өндірілген энергияны қордалап, оны жүктеме шырақу шегіне жеткенде пайдалануға мүмкіндік береді. Бірыңғай энергетикалық жүйе тұрақтылығын арттырады. Техноло-

гиялық кемелдік тек өндіріс емес, жинақталған қуатты тиімді басқарумен өлшенеді. Энергия қордалау жүйесі – тұрақтылықтың алтын дінгігі.

Саланы заңнамалық және стратегиялық тұрғыда дамыту да маңызды қадам болмақ. Ел тарихында алғаш рет «Балама энергия көздері туралы» заң қабылдау және 2040 жылға дейінгі сүтегі энергетикасын дамыту тұжырымдамасын жаңарту жоспарланған. Мұндай стратегиялық құжаттар инвесторларға ұзақмерзімді жоспарын түзуіне дем береді.

МЕМЛЕКЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАНЕВРІ

Алдағы өзгерістердің ауқымы туралы Үкіметте де айтылды. Президенттің тапсырмаларын орындау мақсатында биыл Қазақстанда шамамен 2,6 гигаваат жаңа қуат енгізу жоспарланып отыр. Оның негізгі бөлігі газ жобаларына тиесілі – 2 427,6 МВт, ал жаңартылатын энергия көздерінің үлесі шамамен 245,8 МВт болады. Үкіметтің есептеуінше, бұл келесі жылдың бірінші тоқсанында энергия тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Былтыр тапшылық 29%-ға қысқарғанымен, әлі де айтарлықтай деңгейде қалды және импорт есебінен өтелеп жатыр.

Бұл істе шығыс көрші көмекке келіп отырған көрінеді: мысалы, Екібастұз қаласында салынатын жаңа жел электр стансасы жылына 3,4 млрд кВт/сағат «жасыл» энергия өндіреді. Бұл туралы еліміздің Энергетика министрі Ерлан Ақкөкеновтің ҚХР-дің Төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлинмен кездесуінде белгілі болды. Келіссөздердің басты нәтижесі – Қазақстанның Энергетика министрлігі, State Power Investment Corporation және Pavlodar Green Energy ЖШС арасында Павлодар облысында қуаты 1 ГВт жел электр стансасын салудың құжаттар пакетіне қол қою болды.

Энергетик Нұржан Жеткербекулының пікірінше, «жасыл» энергетика саласындағы Президент тапсырмалары табысты жүзеге асса, жаңа генерация өрістесе және тиісті көлемде инвестиция тартылса, онда елдің энергетикалық жүйесі түрленіп, жаңа кейіпке енеді.

«Жүргізіліп жатқан жұмыс электр энергетикасы саласының жүйелі дамуын қам-

тамасыз етіп, инфрақұрылымды сенімділіктің жаңа деңгейіне шығаруға тиіс. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың соңғы отырысында ЖИ мен цифрландыруды өрістетуге үшін қаптап ашылып жатқан Data-орталықтар металлургия комбинаты сияқты өте көп энергия тұтынатынын еске салды. Дамыған елдер тәжірибесіне сай орталық желіге салмағын салмай, соның бәрін автономды энергия көзінен қуаттауға көшіруге тиіспіз», – деді сарапшы.

Ол Энергетика министрлігінің мәліметіне сілтеме жасап, 2025 жылы Қазақстанда барлық көзден электр энергиясын өндіру көлемі 123,1 млрд кВт/сағатқа жеткенін, алайда тұтыну көлемі 124,6 млрд кВт/сағаттан асып кеткенін ескертті. Президент айтқандай, қазіргі өндірілетін қуат «барлық жоспарымызды табысты орындауға жеткіліксіз». Сол себепті К.Тоқаев бұл проблеманы Қауіпсіздік кеңесінің жақын өткен отырысының күн тәртібіне шығарды. Қуат дефициті еліміздің әлемдік бәсекедегі артықшылықтарын тиімді пайдалануына тусуа болып отыр.

Әйткенмен, Қазақстанның энергетикалық жүйесінің қазіргі келбеті шынында да біртіндеп өзгеріп келеді. Іске қосылған нысандарды есепке алғанда, қазір жүйеде 241 генерация көзі бар екен, оның 162-сі жаңартылатын энергетика секторына жатады. Ортамерзімді перспективада жаңа жобалар экономиканың өсіп келе жатқан электр энергиясына деген сұранысын қамтамасыз етуге тиіс. Барлық жұмыс бір мақсатқа бағытталған – елдің бүкіл энергетикалық жүйесінің сенімділігін, тиімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Энергетика министрлігі хабарлағандай, Қазақстанда қазір жалпы қуаты 15,3 ГВт болатын 81 жоба белсенді іске асыру кезеңінде тұрған көрінеді. Оларға жалпы сомасы 13,1 трлн теңге инвестиция салынбақ. Бірақ мұның бәрі жаңғыратын қуат емес: жалпы қуаты 10,2 ГВт болатын 30 жобасы – дәстүрлі генерация саласына тиесілі. Ал жалпы қуаты 5,1 ГВт болатын 51 жоба – ЖЭК еншісінде. Көмір, мазут, газ, мұнай өнімдерін жағатын дәстүрлі энергетикалық орталықтарға қарағанда, жаңа ЖЭК нысандарының әлдеқайда көп болуы салаға деген жаңа көзқарастан, баымықтық назарлар хабар берсе керек.

Қорыта айтқанда, елдің энергетикалық қанқасы жаңа сипатта қайта құрылып жатыр. Көмір мен газдың дәстүрлі үстемдігі біртіндеп табиғатпен үйлесімді технологияларға орын беруде. Бірақ кез келген стратегияның шынайы салмағы қағаз бетінде емес, қысқы қытымыр аялдағы жүктемелер кезінде сыналады. Қазақстанның жаңа энергетикалық архитектурасы болашақта осы сындардан сүрінбей өткенде ғана ел нағыз энергетикалық тұрақтылыққа қол жеткізеді.

БАНКТИҢ БАЙЫҒАНЫ ЕМЕС, БЕРЕКЕСІ КЕРЕК

Банктік реформа жаңа мазмұнмен, тың бастамалармен толығып, қаржы секторындағы өзгерістердің қарқынын үдете түсті. Тарихта тұңғыш рет «триллионер банктер» пайда болды. Сырт көзге мәртебе, салалық есепке үлкен олажа көрінгенімен, осы салтанатты бетбұрыстардың көлеңкесінде көңілге кірбің ұялалар бір үрдіс қылаң берді. Бизнес пен бұқара банктегі барын кері алып, қаражатын басқа арналарға бұра бастады. Бұл өзге секторлардың серпіні ме, әлде сенімнің селкеу тартқаны ма? Банк саласының бүгінгі ахуалы қандай?

Сан жағынан сап түзеп артпаса да, Қазақстанның банк жүйесі кейінгі жылдары көлем жағынан айтарлықтай толысты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейлі банктердің жиынтық активтері 70,8 трлн теңгеге жетіп, бір жыл ішінде 9,2 трлн теңгеге немесе 15%-ға байыды. Ұзақмерзімді динамикада, соңғы 5 жылда банк активтерінің көлемі 2 есеге, 10 жыл ішінде 3 есеге артқан. Сандардың салтанаты көз қуантады, алайда бұл өсімнің әсері экономикалық қуатқа ма, әлде инфляциялық өскінге ме, ол енді басқа әңгіме.

Мұның сыртында бұл өсім барлық банкке бірдей тән емес. Сектор ішіндегі жағдай бірқелкі емесін статистиканың жай-жапсары паш етті. Қазақстандағы 23 банктің 15-і 2025 жылды елеулі өсіммен аяқтап, мерейі үстем болса, тағы төртеуі мардымсыз ғана нәтижені місе тұтты. Екі банк кері кетті: қатарында нарықтағы ірі ойыншы бар. Ұлттық банктің дерегінеше, «Еуразиялық банк» жылдық өсім бойынша теріс мән көрсетті: -3,7%. Бұдан бөлек, тағы екі қаржы институты – нарыққа жаңадан қосылған жаңа банктер өзінде толыққанды қарқын ала қойған жоқ.

Активтерді өсіруден алдына қара салмаған сөзсіз көшбасшы-чемпион – елдегі ең ірі қаржы институты Halyk Bank. Бір жылда 2,3 трлн теңгені қоржынына басып, активін 20,3 триллионға жеткізген алпауыт бүкіл банк жүйесінің 29%-ын немесе ондағы әрбір үшінші теңгені өз балансында ұстап отыр. Тек 2026 жылдың қантарында активін тағы 22 млрд теңгеге арттырды. Оның несиелі портфелі 13,2 трлн теңгеге жетіп, бір жылда 1,5 триллионға көбейді. Дәулеттің

үштен бірінің бір қолға шоғырлануы тұрақтылықтың кепілі ме, әлде бәсекелестіктің тұсалуы ма?

Активтерінің өсімі бойынша «күміс жүздеге», екінші орынға – ЦентрКредит банкі ілікті: активтері 1,5 трлн теңгеге өсіп, 8,6 трлн теңгені құрады. Нарықтағы үлесі 12,1%-ға жеткен бұл банк актив көлемі бойынша әзірге үшінші орында. Бірақ қазіргі қарқынды жоғалтып алмай, ұзақ сақтаса, бұл көрсеткіш бойынша да «күміске» шығуы әбден мүмкін. Оның бизнес пен бұқараға таратқан несиелі портфелі 4,7 трлн теңгеге дейін ұлғайып, бір жыл ішінде 720 млрд теңгеден астам өсім көрсетті.

Банктер бәйгесінде «қола» жүздеге Kaspi Bank ие болып, үштікті тұйықтады. Бұл қаржы институтының активтері бір жыл ішінде 1,1 трлн теңгеге өсіп, 5,2 трлн теңгеге жетті. Қарыз портфелі де қарқынды өсіп, 3 триллионға дейін ұлғайды. Жалпы, дәл осы төрт банк қана жыл ішінде активтерін 1 трлн теңгеден асыра алды. Өзгелерінің жылдық табысы триллиондық межеден бірнеше есе төмен. Бірақ активтерінің жалпы көлемі бойынша Қазақстанда енді 12 банк «триллионер» болып есептеледі.

Төртінші орынға ForteBank табан тірей алды: жылдық табысы бойынша триллион деп ауыз толыра сөйлей алатын банктердің «төрттігіне» кірді. Оның активтері бір жыл ішінде 1,1 трлн теңгеге өсіп, 5,2 трлн теңгеге жетті. Қарыз портфелі де қарқынды өсіп, 3 триллионға дейін ұлғайды. Жалпы, дәл осы төрт банк қана жыл ішінде активтерін 1 трлн теңгеден асыра алды. Өзгелерінің жылдық табысы триллиондық межеден бірнеше есе төмен. Бірақ активтерінің жалпы көлемі бойынша Қазақстанда енді 12 банк «триллионер» болып есептеледі.



Алайда жаңа 2026 жыл банк секторында күтпеген үрдістен басталды: соңғы бес жылда алғаш рет банктердің пайдасы төмендеді. Қантар айының қорытындысы бойынша банктердің жиынтық таза пайдасы 13%-ға құлдырап, 198,5 млрд теңгені құрады. 2020 жылдан бері алғаш рет төмендеу тіркеліп отыр: сонда пайдасы 32%-ға кеміген еді.

МЕМЛЕКЕТ КӨМЕГІНІҢ ЖАҢА ШАРТЫ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүргізген AQR (Asset Quality Review) бағалауы аясында бүкіл сектор активтерінің 86%-ын қамтитын ең ірі 11 банктің ахуалы талданды. Қорытындысында банк жүйесінің біршама тұрақты екені расталды. Капитал жеткіліктілігі 17,7%-ды құрап, белгілен-

дағанда Ұлттық банк оның капиталына тікелей кіріп, қаржы құяды. Мұндай қолдау біріншіден, уақытша әрі қайтарымды сипатта болады, ақша ең төменгі қажетті көлемде беріледі.

«Екіншіден, мемлекеттің араласуы ол банктің акционерлік құрамын толық өзгертуге және басқару құрамын ауыстыруға ұласады. Үшіншіден, дивидендтер мен бонустар төлеуге тыйым салынады. Төртіншіден, шетелге мол қаржы аудару, сыбайлас компанияларға ұлан-ғайыр қарыз беру және басқа тәуекелді операциялар шектеліп, бұрынғы басшыларының шешімдерінің күші жойылады. Бесіншіден, қаржылық сауықтыру жоспары міндетті түрде іске асырылады. Ендеше банктердің қожайындары үшін мемлекеттік көмекке жүгіну экономикалық тұрғыдан тиімсіз болмақ», – деді сарапшы.

БИОМЕТРИЯ – ЗАМАН АЙНАСЫ

Реформа мұнымен шектелмейді. Ұлттық банк те төлемдер мен ақша аударымдары саласына қатысты жаңа ережелерді әзірлеп жатыр. Өзгерістер банктердің барлық клиентіне тікелей әсер етпек. Әңгіме «Ұлттық банк басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер мен ақша аударымдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ұлттық банк басқармасының қаулысы жайында. Ресми түрде бұл – нормативтік актілерді жаңарту болса, іс жүзінде қаржы жүйесін неғұрлым ашық, технологиялы әрі қауіпсіз етуге бағытталған қадам.

Өзгерістердің қажеттілігін ҰБ қаржы нарығының заңнамадан әлдеқайда жылдам дамып келе жатқанымен түсіндірді. Соңғы жылдары банк қызметі, қаржы нарығын реттеу, байланыс және банкrottтық рәсімдеріне қатысты заңдар жаңартылды. Бұл өз кезегінде заңға тәуелді актілердің базасын қайта қарауды, төлем жүйелерін түзетуді талап етті.

Цифрландырудың игілігі мен қауіп егіз. Макрореттеуші жаңа жобада ерекше назар биометриялық сәйкестендіруге аударылғанын жеткізді. Қазір шоттардың басым бөлігі қашықтан ашылады, құжаттардың тіпті көшірмесі де талап етілмейді. «Смартфоннан төл іссіз жүгініп отырған шығар» деген соқыр сенімге сүйенеді. Елде цифрландыру мен ЖИ енгізу үлкен қарқынмен жүріп жатыр. Сондықтан клиенттің жеке басын растап,

сәйкестендірудің түрлі проблемасы өзекті бола түсті.

Өзгерістер банктің биометриялық деректер арқылы аутентификациялау тәртібін нақтылайды. Бұл, Ұлттық банк мамандарының түсіндіруінше, алаяқтардан төнетін қауіп-қатерді азайтуға, дербес деректерді қорғауға, барлық банк үшін бірінші стандарт қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге биометриядан бас тартқан азаматтар үшін дәстүрлі, офлайн қызмет көрсету мүмкіндігі сақталады.

ИМАНДЫ ҚАРЖЫНЫҢ ОРІСІ КЕҢЕЙДІ

Тағы бір маңызды бағыт – исламдық банкинг. Жаңа өзгерістер исламдық банк операцияларын бөлек есепке алуға міндеттейді. Бұл – техникалық тұрғыдан күрделі болғанымен, стратегиялық маңызды қадам. Исламдық қаржы өнімдері классикалық банкингтен өзгеше қағидаттарға негізделеді, тиісінше, бөлек есеп жүргізуді талап етеді. Осы талаптарды нормативтік актілер деңгейінде бекіту исламдық қаржының ашықталуын арттырып, банктер үшін реттеушілік тәуекелдерді төмендетеді, сондай-ақ клиенттер мен инвесторлар үшін тиімді әрі айқын ережелер қалыптастырады.

– Исламдық қаржыландыруды дамытуға жағдай жасау мақсатында жаңа заңмен дәстүрлі банктерге де «исламдық терезелер» форматында исламдық банктік операцияларды ұсыну қуқығы беріледі. Банкірлер, инвесторлар жеке ислам банкіні құрмай-ақ, соның қызметін көрсететін арнайы бөлімшелер ашуға мүмкіндік алады. Алайда басты талап – исламдық қызметтің банктің өзге операцияларынан ұйымдас-тырушылық және есептік тұрғыда толық оқшаулау, – деді сенатор Сергей Карпилюк. Бұған дейін мұндай қызметті жүзеге асыру үшін міндетті түрде бөлек ислам банкіні құру қажет болатын.

Жалпы алғанда, бұл өзгерістер Қазақстандағы исламдық қаржы жүйесін институционалдық тұрғыдан нығайта түседі. Банктер үшін ережелер енді айқынырақ болады, ал клиенттер үшін қызметтер қауіпсіз, ынғайлы әрі шариғат қағидаттарына сай бола түіс. Қаржы саласындағы «халал» стандарттардың енуі – иманды, этикалық инвестицияға сусап отырған жұртшылық үшін жағымды жаңалық.

Елдос СЕНБАЙ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ – САПАЛЫ ӨМІР

Кейінгі жылдары балалар мен жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы қоғамдағы ең өткір әлеуметтік мәселесінің біріне айналды. Бұл тек медицина немесе психология саласын ғана емес, бүкіл қоғамды алаңдатып отыр.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, жыл сайын әлемде 720 мыңнан астам адам өз-өзіне қол жұмсап, қайтыс болады. Әсіресе, 15-29 жас аралығындағы әрбір үшінші адамның өлімі суицидпен байланысты екені анықталған. ДСҰ-ның мәлімдеуінше, өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің 73 пайызы табысы төмен және орташа елдерде болған.

Сарапшылардың пікірінше, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу шараларында психологиялық қолдау мен ашық диалог қана жағдайды өзгерте алады. Әрбір суицид – бұл жай ғана сан емес. Бұл – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық, яғни психикадағы бұзылысы, жан дүниесіндегі бұлқынысы.

Назарбаев университетінің психологі Сымбат Абдрахманова психологиялық денсаулық – жалпы адамның өмір сапасына тікелей әсер ететін фактор екенін айтады.

– Аутоагрессивті мінез-құлық – адамның өзіне зиян келтіруі немесе өз өміріне қауіп төндіруі. Бұл құбылыс түрлі формада көрінеді: өз-өзін жарақаттау, тамақты әдейі шектен тыс тұтыну немесе бас тарту (анорексия, булимия), тәуекелге бел буу, тіпті суицидке бейімдік. Мұндай мінез-құлықтың себептері әртүрлі. Балалар мен жасөспірімдер арасында аутоагрессияның көбеюі қазіргі қоғамның әлеуметтік қысымымен, жоғары талаптармен, интернет пен әлеуметтік желілердің әсерімен байланысты болуы мүмкін, – деді маман.

Маманның ескертуінше, психика – адамға ғана емес, жануарларға да тән биологиялық құбылыс. Сондықтан оның алдын алуға және тәрбиелеуге болады. Сондай-ақ психологиялық саулықтың кепілі – сапалы өмір. Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Алтынай Ескалиеваның айтуынша, психологиялық әл-ауқатты бағалау ведомствоаралық деңгейде жүргізілуі керек.

– Психологиялық әл-ауқатты бағалау ведомствоаралық деңгейде жүргізілуі керек, өйткені психологиялық әл-ауқат мәселелерін шешу, өмір сүру сапасын жақсарту, балалар мен жасөспірімдерді әртүрлі сауықтыру секцияларына тарту және басқа да мәселелерді шешуге байланысты екенін ескеруіміз керек, – деді маман.

2025 жылы ақпанда Алтынай Ескалиева ұсынған «2021–2025 жылдары өткен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын іске асыру аясындағы зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, жасөспірімдердің 16,6%-ында психикалық әл-ауқаттың нашарлауы, ықтимал депрессия белгілері анықталған. Мектептегі буллинг құрбандары балалардың 17,5%-ын құраса, ал 3,4%-ы айына бір рет және одан да көп рет кибербуллингке ұшырайтыны белгілі болған.

– Әр бесінші жасөспірім психикалық әл-ауқатының нашарлығын сезінеді, бұл олардың оқу үлгеріміне, мінез-құлқына және өмір сапасына кері әсер етеді. Мектепте буллингке тап болған балалар психологиялық қысымға ұшырап, өз-өзін төмен бағалауға, күйзеліске түсіп, кейбір жағдайларда өзін-өзі зақымдауға бейім келеді. Жасөспірімдердің 12,7%-ы әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдаланады, бұл олардың психикалық денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. 24% жасөспірімдер ата-аналарынан жеткілікті қолдау сезінбейді, бұл олардың эмоционалдық тұрақтылығына әсер етеді, – деді ол.

Зерттеуші мамандар жасөспірімдер үшін ата-ананың, қоғамның қолдауы мен түсінісіне алуы өте маңызды және кешенді тәсілді талап ететін мәселе екенін айтады. Олардың пікірінше, баланың құқығын қорғау, оның психологиялық саулығына қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – бір-бірімен тығыз байланысты факторлар. Яғни, бала құқығын қорғау үшін – кез келген баланың қауіпсіз ортада,



“**Әр бесінші жасөспірім психикалық әл-ауқатының нашарлығын сезінеді, бұл олардың оқу үлгеріміне, мінез-құлқына және өмір сапасына кері әсер етеді. Мектепте буллингке тап болған балалар психологиялық қысымға ұшырап, өз-өзін төмен бағалауға, күйзеліске түсіп, кейбір жағдайларда өзін-өзі зақымдауға бейім келеді.**”

психологиялық қолдаумен, өз құқықтарын білетіндей өсуі маңызды.

Қазіргі уақытта елімізде балалар мен жасөспірімдер арасындағы психологиялық денсаулықтың және әлімжеттік, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерінің алдын алу мақсатында бірқатар шаралар қарастырылып, бағдарламалар қабылданды. Психологиялық және әлеуметтік қолдау мен қорғау, заңнамалық және саяси шараларды жетілдіру, ҰЕҰ және халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса жұмыс істеу, халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді пайдалану, тәжірибе алмасу секілді нақты бағдарланған жүйелер де жүзеге аса бастады. Атап айтсақ, 2023–2024 жылдары балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтың, суицидтің және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында бірқатар шара қабылданып, бағдарламалар мен заңдар әзірленді. Жүйелі атқарылған жұмыс аясында Бала құқықтары

жөніндегі уәкілдің бастамасымен заңнамаға 120 түзету енгізілді. Сондай-ақ аймақтарда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен балалар құқығын қорғау мақсатында отбасылық қолдау орталықтары құрылды.

Жақында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева елімізде көмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол салу фактісінің аз да болса, төмендегенін жеткізді.

Оның айтуынша, 2025 жылдың 8 айында Қазақстанда көмелетке толмағандар арасында 122 суицид фактісі тіркелген. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5,5%-ға азайғанын көрсетеді. Негізгі жағдайлар Түркістан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда облыстарында және Алматы қаласында тіркелген – 56%. Ең жоғары өсім Жамбыл, Қостанай, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалған.

– Алматы облысында соңғы 10 жылда алғаш рет айтарлықтай төмендеу тіркелген.

ЖЫЛДАМ КОНТЕНТ ЖҰТАҢ ОЙҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қазіргі қоғамда цифрлық технологиялар балалар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Смартфон, планшет, түрлі әлеуметтік желілер – бәрі де баланың күнделікті уақытын қамтып отыр. Әсіресе, мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушылары арасында қысқа форматтағы видеолар мен ойын-сауық контентінің танымалдығы артып келеді. Алайда мұндай үрдіс баланың дамуына қалай әсер етеді? Бұл сұрақ бүгінде ата-аналар мен мамандарды алаңдатып отыр.

Әсет ҚАЛИ

Қазіргі балалар – өте еліктегіш, қабылдағыш буын. Олар көргенін қайталап, естігенін тез сіңіріп алады. Сондықтан бала санасына кандай контент жетіп жатқаны аса маңызды. Ұлттық болмыс пен қазақы құндылықтарға негізделген сапалы контент қана өскелең ұрпақтың дұрыс қалыптасуына жол ашады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) ынтымақтастықта жұмыс істеп келе жатқан психолог ЮНИСЕФ-тің ұлттық тренері Сымбат Нұртазақызы мектепке дейінгі және бастауыш сынып жасындағы балалар арасында ең кең таралған платформалар қатарында қысқа бейне форматындағы контент ұсынатын YouTube, TikTok, Instagram (Reels), YouTube Kids сынды әлеуметтік желілер барын айтты. Бұл платформалар балаларға визуалды тұрғыдан өте тартымды, бейнелер қысқа, динамикалық және эмоциялық тұрғыдан әсерлі болады.

– ЮНИСЕФ-тің Kazakhstan Kids Online зерттеуі балалардың интернетті негізінен ойын-сауық және бейне көру мақсатында пайдаланатынын көрсетеді. Цифрлық орта белгілі бір деңгейде баланың дамуына пайдалы: танымдық контент арқылы жаңа ақпарат алып, тілдік қорын кеңейтеді.

Сонымен қатар экран алдында ұзақ уақыт өткізу зейіннің тұрақтылығына,



эмоциялық реттелуге және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларына кері әсер етуі мүмкін. Психологиялық зерттеулер жылдам ауысатын визуалды контентке жиі үйренген балаларға ұзақ уақыт зейін қоюды қажет ететін әрекеттерге қызығушылықтың төмендейтінін көрсетеді, – дейді сарапшы.

ҚЫСҚА ВИДЕОЛАРДЫҢ ПСИХИКАҒА ӘСЕРІ

Маман қысқа форматтағы видеолардың бала психикасына әсері бар екенін атап өтеді. Оның айтуынша, мұндай контенттің басты ерекшелігі – ақпараттың өте жылдам берілуі.

– Нейропсихологиялық тұрғыдан мұндай контент мидағы дофаминдік марапат жүйесін белсендіреді. Яғни, бала ер жаңа видеодан тез эмоциялық әсер алып, бірсәттік қанағат сезімін бастан кешіреді. Бұл жүйе жиі белсенген сайын бала жылдам әрі жеңіл қабылданатын ақпаратқа бейімделіп, күрделі немесе ұзақ уақыт зейін қоюды талап ететін әрекеттерге қызығушылығы төмендеуі мүмкін.

Зерттеулер қысқа видеоларды шамадан тыс қарау зейіннің шашырауына, тез жалығуға, есте сақтау қабілетінің әлсіреуіне

және оқу процесіне деген ынтаның төмендеуіне алып келуі ықтимал екенін көрсетеді. Сонымен қатар мұндай контентке тәуелділік белгілері де байқалуы мүмкін, – дейді психолог.

Сондықтан мамандар экран уақытын шектеумен қатар, баланың күн тәртібіне танымдық, шығармашылық және кимыл-қозғалысқа негізделген баламалы әрекеттерді енгізуді ұсынады.

Баланың ерте жастағы дамуы – оның болашақтағы сөйлеу, ойлау және қарым-қатынас қабілетінің негізін қалайды. Соңғы жылдары смартфон мен планшеттің қолжетімділігі артқан сайын, балалардың экран алдында өткізетін уақыты да көбейіп отыр.

– Баланың тілдік дамуы ең алдымен тірі қарым-қатынас арқылы қалыптасады: ата-анамен сөйлесу, бірлескен ойын, эмоционалдық байланыс негізгі рөл атқарады. Бала ересектердің дауысын естіп, мимикасы мен реакциясын бақылау арқылы тілдік және әлеуметтік дағдыларды меңгереді. Ал экран алдында ұзақ уақыт өткізу осындай табиғи коммуникацияның азаюына әкелуі мүмкін.

Ғылыми әдебиетте бұл құбылыс interaction deficit деп аталады. Яғни, бала тіл мен әлеуметтік сигналдарды экраннан

емес, нақты адаммен қарым-қатынас барысында тиімді игереді. Сол себепті ерте жаста экран уақытын шектеу, баламен жиі сөйлесу, бірге ойнау және күнделікті әрекеттерді диалог арқылы жүргізу оның сөйлеу дамуы үшін аса маңызды, – дейді С.Нұртазақызы.

АТА-АНА КОНТЕНТ ТАҢДАҒАНДА НЕНІ ЕСКЕРУІ КЕРЕК?

Маман ата-аналарға контент таңдауда бірнеше маңызды критерийге мән беруді ұсынады. Оның айтуынша, ең алдымен контент баланың жасына сай болуға тиіс. Сонымен қатар агрессия мен қорқыныш элементтері болмауы, білімдік мазмұнның болуы маңызды.

ЮНИСЕФ мамандары ата-аналарға балалармен бірге контент қарап, оны талқылауға кеңес береді. Бұл баланың медианы сыни тұрғыда қабылдауына көмектеседі.

Экранға тәуелділік бір сәтте қалыптаспайды, ол баланың күнделікті дағдылары мен мінез-құлқындағы біртіндеп өзгерістер арқылы байқалады. Психолог С.Нұртазақызының пікірінше, бұл құбылыс көбіне баланың бос уақытының басым

Шымкент қаласында да асау бар, ал Абай облысында суицид әрекетінің саны екі есеге түскен. Жасөспірімдердің өз-өзіне қол салу жағдайының 62%-ы ата-анамен күрделі отбасылық қарым-қатынас аясында болған. Оның ішінде ата-ананың сөгісінен қорқы, баланың қызығушылығын елемей, әке-шешесінің көңіл бөлмеуі, қамқорлығының жеткіліксіздігі, мазақ етуі, қысым көрсетуі себеп болған. Ал 10 пайызы қиын жағдайда өмір сүргеннен болса, 22% жағдайда мектептегі буллинг, жауапсыз махаббат салдарынан өз-өзіне қол салған. Тіпті, әдебиетке, ойынға әуестігінен 10% суицидке барса, 5 пайызы психикалық аурудың салдарынан бұл әрекетке барған, – дейді Динара Закиева.

Жалпы, жоғарыда айтқанымыздай, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға ең бастысы психологиялық қолдау шараларының маңызы зор. Бала өзін түсінетін адамдар бар екенін сезінген кезде, ол қиындықпен жалғыз қалмайды, айтады. Ал дер кезінде көрсетілген қолдау бір адамның ғана емес, тұтас бір отбасының болашағын сақтап қалуы мүмкін.

– Шыны керек, біздің қоғамда ата-аналар «балам үйде, қасыма отыр» деп тыныш жүре береді. Бірақ баласы қолындағы телефоны арқылы мүлдем басқа, қауіпті әлемде жүруі мүмкін екенін ескермейді. Ата-аналарға айтарым: баланың телефонын тінтудің қажеті жоқ, онымен дос болыңыз. Егер балаңыз сізге «Ана, әке, маған желіде біреу жаман сөз жазды» деп қорықпай келіп айта алса, міне, ең үлкен қауіпсіздік осы. Бақылау деген – телефонды жасырын тексеру немесе қатан тыйым салу емес. Мұндай әрекет баланы алыстатады. Ең тиімді жол – баламен бір толқында болу: оның қандай әлеуметтік желілерде отырғанын, қандай блогерлерді қарайтынын, қандай ойындар ойнайтынын білу. Қажет болса, бірге қарап, бірге талқылау маңызды. Бала ата-анасының қызығушылығын емес, қолдауын сезінуі керек. Дегенмен көп жағдайда интернетті тек қауіп көзі ретінде қабылдамай, алайда ол – ең алдымен құрал. Мәселе оны дұрыс пайдалана білуде.

Ең бастысы, ата-ана баласының мінез-құлқындағы өзгерістерге бейжай қарамауға тиіс. Егер бала тұйықталып, ашуланшақ болып кетсе, бірден кінә артпай, сабырмен сөйлесіп, «желіде бірдене болды ма?» деп сұрай алатын мәдениет қалыптасуы қажет. Тек осындай ашық әрі сенімді қарым-қатынас арқылы біз балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз, – деді «Жас Ұлан» бірінші балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Ақнұр Тұрдалиева.

бөлігі гаджеттерге тәуелді болған кезде күшейе түседі.

Зерттеулерде экран алдында ұзақ уақыт отыру баланың эмоциялық күйіне, мінез-құлқына және ұйқы сапасына әсер ететіні көрсетілген. Мұндай жағдайда балада мазасыздық пен ашуандық белгілері жиілеп, зейін тұрақтылығы төмендеуі мүмкін.

БАЛАНЫ ЭКРАННАН ЕМЕС, ӘРЕКЕТТЕН ҚЫЗЫҚТЫРУ КЕРЕК

Қоғамның бұл дерті тек біздің елде емес, әлемнің барлық мемлекетінде қауіпті құбылысқа айналған. Сол себепті балаларды экраннан алыстату үшін түрлі амал-айла қолданылып жатыр. Мәселен, Финляндияда бастауыш білім беру жүйесінде балалардың көп уақыты ашық ауада өтеді: олар табиғатта ойнап, зерттеу арқылы үйренеді. Бұл әдіс баланың зейінін, қиялын және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Жапонияда балаларды ерте жастан бастап өздігінен әрекет етуге, топпен ойнауға және шығармашылық жұмыстарға баулу кең таралған. Балабақшаларда рөлдік ойындар мен қолөнерге ерекше мән беріледі. Ал Оңтүстік Кореяда соңғы жылдары digital detox бағдарламалары енгізіліп, балаларға арнайы лагерьлерде гаджетсіз уақыт өткізу ұсынылады. Бұл тәжірибе олардың эмоциялық тұрақтылығын арттырып, тірі қарым-қатынасқа бейімдейді.

Осы үлгілер көрсеткендей, кітап оқу, сурет салу, спортпен айналысу, үстел ойындары, рөлдік ойындар және ата-анамен бірлескен іс-әрекеттер баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Мұндай әрекеттер баланың қиялын дамытып, сөйлеу қабілетін арттырады және эмоциялық тұрақтылығын нығайтады. Ең бастысы, бала үшін экран емес, шынайы орта мен тірі қарым-қатынас негізгі даму факторы болып қала береді.

Бүгінгі цифрлық заманда баланы экраннан толық алыстату мүмкін емес. Бірақ оның қандай контент көріп отырғаны мен уақытын қалай өткізіп жатқаны – ең маңызды мәселе. Бала көргенін қайталайды, естігенін бойына сіңіреді. Сондықтан оның ақпараттық ортасы саналы түрде қалыптасуға тиіс.

Ұлт болашағы экранның арғы жағындағы сапалы контентпен басталады. Сол себепті ер ата-ана баласына тез шектеу қойып қана қоймай, мазмұнды, тәрбиелік мәні бар дүниелерді ұсынып, бірге талқылап отырғаны жөн.



19 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Наурыз мейрамы қарсаңында аталып өтетін мазмұнды күндердің бірі – Жаңару күні. Бүгін Наурызнама аясында әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуын білдіретін ізгі мереке тойланады. Қазақ дүниетанымында «жаңару» ұғымы тазалықпен, кешіріммен және ақ ниетпен сабақтасып жатыр. Сондықтан Наурыз мейрамы ежелден тазару мен жаңғырудың нышаны саналған. Бұл күні халық «Ескі жыл, есірке, жаңа жыл, жарылқа» деп ақжарма тілек тілеп, өткеннің өкпесін ұмытып, жаңа жылға үмітпен қадам басады. Бүгінгі жаңару күнінде рухани тазару, ізгі ниетке ұмтылу және жаңа бастамаларға жол ашу идеясы айрықша мәнге ие.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Тарихи деректерге сүйенсек, Наурыз мейрамы қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты 1926–1988 жылдар аралығында атап өтілмеді. Дегенмен халық жадынан өшпеген ұлық мереке ел ішінде жалғасын тапқанымен, оның терең мазмұндық сипатына қауіп төнген еді. 1988 жылдан бастап Наурыз мерекесі қайта жаңғырып, ұлттық руханиятпен бірге қайта түлей бастады. Алайда алғашқы кезеңдерде мерекелеу көбіне сыртқы атрибуттармен, киіз үй тігумен, мол дастарқан жаюмен және наурызқоже ұсынудан шектеліп қалды. Ал қазір Наурыз мейрамын ұзақ уақыт тойлау үшін жаңа формат – Наурызнама онкүндігі енгізілді. Онкүндік аясында ұлттық құндылықтарды жаңғырту, бірлік пен ынтымақты нығайту мақсатында әр күнге арнайы атау беріліп, мәдениет және салт-дәстүр насихатталады.

Жанару – табиғаттың мәңгілік заңдылығы. Бұл кезеңде қар еріп, күн жылынады, ағаштар бұр жарып, тіршілік атаулы қайта жанданады, ал адам баласы қыстың ауырталығынан кейін жаңа өмірге қадам басады. Осындай ерекше мезетті әр халық әртүрлі атаумен атап өтеді: казак және түркі жұртында Наурыз мейрамы ретінде кеңінен тойланса, парсы халықтарында – Навруз, ал кейбір славян елдерінде Көктемгі күн тенеуі мерекесі ретінде дәріптеледі. Шығыс халықтары ежелден бірлік пен татулықтың, еңбектің, ізгілік пен берекенің мерекесі ретінде атап өтеді. Жанару күніне тән дәстүрлер әр халықтың мә-

Жаңару – ТАЗАЛЫҚҚА БАСТАҒАН ТОЛҒАНЫС

әулие тауындағы және Жанаарқа ауданы Ақсайдағы шамамен 3 мың жыл бұрын тасқа салынған күн таңбалары. Бұл дөңгелек таңбалар жаңа күннің пайдалуын білдіріп, табиғаттағы жанарудың символы ретінде бейнеленген. Жалпы, «жаңару» ұғымы бүкіл әлемнің жанаруы деген мағына береді. Қыс мезгілінен кейін көктемнің келуі, қардың еріп, жаңа тіршіліктің басталуы, былтырғы шөптің орнына жаңа өскіннің шығуы – осының барлығы табиғаттағы жанару кезеңінің басталуының көрсеткіші. Сондықтан «жаңару» сөзінің түпкі мәні де осы табиғи құбылыстармен тығыз байланысты», – дейді Темірғали Аршабеков.

Наурыз мейрамы – күн мен түн тенеліп, табиғат пен тіршіліктің қайта түлейтін, төрт түлік төлдеп, жер бетіне жан бітіп, жыл құстары қайта оралатын, қыстың ызғары қайтып, көктемнің шуағы сезілетін айрықша кезең. Осындай табиғаттың тылсым заңдылықтарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күннің маңызын «Жыл басы», «Жанару», «Әз Наурыз» ұғымдарына сыйдыра білген. Тарихшылардың айтуынша, казак танымындағы мұндай түсініктердің барлығы табиғатпен үйлес-

тарының жайлауы Ресей аумағына дейін, Түмен мен Орынборға дейін созылғаны белгілі. Кейін Ресей империясының реформаларына байланысты жайылмалар тарылып, көші-қон ауқымы шектелді. Дегенмен қоршаған ортаның жанаруы мен табиғатпен үйлесімде өмір сүру ұғымы түркі халықтарына ортақ дүниетаным ретінде сақталып келеді. Осылайша, жаңа жыл басталып, бүкіл тіршілік жанарады деп пайымдаймыз», – дейді тарихшы.

Оның ойын толықтыра түсетін мынадай тағы бір мысал бар: таныммызда Наурыздың алғашқы үш күнінің бірінде жер бетімен ерекше гуіл – әз жүріп өтеді деген сенім бар. Бұл сәт табиғаттың жанданып, жердің қайта түлей бастаған кезеңімен сабақтас түсіндіріледі. Әздің келгенін ең алдымен қой түлігі сезеді деп есептеледі. Халық арасында кең тараған «Әз болмай, мәз болмайды» деген нақыл да осы ұғымның мәнін айқындайды. Көктемнің келуін казак халқы жануарлардың мінез-құлқынан да аңғарған. Мәселен, наурыз айының орта шенінде суыр інінен шығады. Егер ол інінен алысқа ұзап кетсе, көктем ерте келеді деп болжанған. Ал іні маңынан ұзамаған жағдайда, қыстың ызғары әлі де сақталды деп топшылаған.

ЖЫЛ ДА, ЖЕР ДЕ ЖАҢАРҒАН

Ғалымдар Наурыз – күн мен түннің тенелуімен, аспан әлемінің жанаруымен байланысты табиғат қойнынан шыққан көне мейрам екенін ғалымдар айтып, оған тарихи дәлелдер мен мысалдар да келтірді. Олардың қатарын этнолог-тарихшы Ахмет Токтабай да толықтырды. Айтуынша, ежелде Шығыс елдерінде, Иран, Түркия, Ауғанстан және басқа да өңірлерде әртүрлі уақытта атап өтілген. Өйткені ел билеген әр патша Наурыздың күнін өздері белгілеп отырған. Соның салдарынан, мейрам уақыты өзгеріске ұшырады. 1079 жылы Мәлік Шах арнайы тапсырма беріп, Омар ибн Ибрагим әл-Хаямды басшылыққа тағайындап, Хорасан мен басқа өңірлердің ғалымдарын жинаған. Ғалымдар мен астрономдар бір жылға жуық зерттеу жүргізіп, нәтижесінде Наурыз 21-інен 22-іне қараған түні кіреді деп нақты белгіленген. Бұл дата бүгінгі күнге дейін сақталып келеді.

«Ескі күнтізбе бойынша казак халқы мейрамды 9–16 наурыз аралығында 8 күн бойы тойлаған. Алаш қайраткерлері де осы күн арасында халықты құттықтап, газет-журналдарға жариялап отырды. Тарихта күнтізбенің өзгеруін ескерсек, Қазан төңкерісі 25 қазанда болды дейміз.

Күнтізбе өзгерген соң 7 қарашаға сәйкес келген. Сол сияқты казактар бұрын тойлаған 9 наурыз қазіргі күнтізбе бойынша 21 наурызға сәйкес келеді. Сондықтан бүгінде тойлану жүрген Ұлыстың ұлы күні – тарихи жалғастықтың көрінісі. Яғни, казак халқы ертеден-ақ күн мен түннің тенелуін дәл анықтай білген. Наурызда халық «Ақ мол болсын!» деп тілек айтады. Себебі қыстағы соғым еті таусылып, адамдар ағарған тағамдарға көшеді. Соғымның ең соңғы сыбағасы алыста жүрген азаматтарға сақталып, қалған ет наурызқожеге қосылады», – дейді Ахмет Токтабай.

Ғалымның айтуынша, бұл құбылысты орыс ғалымдары да зерттеп, Наурыздың практикалық маңызын «кызыл тамақтан ақ тамаққа көшу» деп сипаттаған. Ақ тағамдарды тұтыну күзге дейін жалғасады. Мұны қазіргі тілмен айтқанда, «маусымдық диет» деп атауға болады.

ДУНИЕНІҢ ЖАНЫ КІРЕТІН КЕЗ

Қазіргі Наурызнама онкүндігі аясында бірнеше атаулы күндер белгіленгенімен, олардың барлығы мәні мен мазмұны жағынан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз ұғымының аясында тоғысады. Осы күндердің арасында қазақтың бұрынғы салт-дәстүрі қайта жаңғырып, халық игілігіне бейімделген іс-шаралар мен рәсімдер қайта жасалады. Халықтың мал шаруашылығына байланысты егін егу, булақ басын ашу, ағаш егу сияқты дәстүрлі әрекеттер Наурыз мерекесінің мәнін сақтап, адамдарды табиғат циклымен үйлестіріп өмір сүруге үйретеді. Этнограф Ғалия Қайдауылқызының сөзінше, казак үшін табиғат жай ғана қоршаған орта емес, ол – жаратушының үлкен сыйы, өмірдің, дәстүрдің, мерекенің өлшемі болып келген. Дана халық кез келген атаулы күнді, тойды немесе дәстүрлі іс-шараны табиғатпен үндестіріп, ауа райы мен мезгіл ерекшелігіне қарай ұйымдастыруды әдетке айналдырған.

– Адамның екі анасы бар деп айтсақ, оның бірі – туған анасы, екіншісі – табиғат. Көктемнің келуімен жер беті жаңа кейіпке боялады. Дүниенің жаны кіретін кез. Күннің шуағы, нұры көбейіп, көктің шығатын уағы. Адамзат содан да болар, табиғатты ерекше аялайды, баптайды, қалір тұтады. Әрі жас буынды осыған баулиды, тәрбиелейді. «Булақ ақса, көл тоқ. Еңбек етсе, ер тоқ», «Бір тал кессен, он тал ек», «Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді» дейтін даналық сөздер соның бір дәлелі. Ежелгі түсінікте қоршаған ортаның бәрін де жаны бар және жаратушысы бар, сондықтан олармен болатын қатынас жанды деңгейде болу керек деп есептелген. Қазақтың көне дәстүрі бойынша жер – адамзат, жалпы тіршілік иелері



Тазару мақсатында сыйдыратын қауак



дени ерекшелігіне қарай әрқилы көрініс тапқанымен, олардың түпкі мәні табиғаттың жаңғыруымен тығыз байланысты. Бұл күні адамдар үйлерін тазартып, қажетсіз дүниелерден арылып, жаңа кезеңді жеңіп әрі таза көңілмен бастауға ұмтылады. Табиғатқа жанашырлықтың белгісі ретінде ағаш отырғызып, айналаны көркейтеу – жанарудың айқын нышаны. Сонымен қатар от жағып, жарықты дәріптеу арқылы күннің жылуы мен нұрын қарсы алу дәстүрі қалыптасқан. Ең бастысы, адамдар бір-біріне ізгі тілек арнап, өкпе-реніштерін ұмытып, татулыққа бет бұрады.

ІЗТАСТАҒЫ ЖАҢА КҮН БЕЙНЕСІ

Жанару күні адамдар ескі-құсқыдан арылып, жаңа өмірге дайындық жасайды. Бұл – тұрмыстық әрекет. Ал шын мәнінде, бұл күннің басты мазмұны – халық жаман ойдан, реніштен, өкпе-наздан арылып, жаңа кезеңді таза көңілмен қарсы алу. Жуанның жіншкеріп, жіншкенің үзілер шағында күллі ел ежелден атап өтетін Наурыз мейрамы аясында сақталған салт-дәстүрлер мен уақыт ағымына сай жаңарып отыр. Бұл мереке діни түсініктен бөлек, «жаңару», «жаңа жылдың басталуы» деген ұғымдармен астасып, шамамен 2–3 мың жыл бұрын пайда болған. Тарихшы Темірғали Аршабеков осындай пікірде. Ол Наурыздың ертеден бері тойланып келе жатқан көне мейрам екенін бірқатар тарихи деректер арқылы түсіндіріп берді.

«Сарыарқа даласында жыл басының жанару кезеңін айғақтайтын айқын деректер бар. Мәселен, Қарағанды облысында 30-ға жуық ізтас кездеседі. Соның бірі – Ақтоғай жеріндегі Желтау тауындағы көне бейне. Мұнда малшының екі қолын көтеріп, ерте көктемді күтіп тұрған бейнесі арқылы жаңа күннің, жаңа жылдың басталуы тасқа қашанып көрсетілген. Наурыздың көнелігін дәлелдейтін тағы бір маңызды белгі – Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Теректі

Жаңару – табиғаттың мәңгілік заңдылығы. Бұл кезеңде қар еріп, күн жылынады, ағаштар бұр жарып, тіршілік атаулы қайта жанданады, ал адам баласы қыстың ауырталығынан кейін жаңа өмірге қадам басады.

сінде өмір сүрудің нәтижесінде қалыптасқан. Өйткені казак – табиғатпен біте қайнасқан халық. Жер жаңарып, айнала жасыл желекке бөленіп, көктемнің жаршысы – Наурыз мейрамы келген шақта ел-жұрт булақтың көзін ашып, тал егіп, айналаны тазартып, табиғатқа камқорлық жасаған.

«Қазак халқы Наурызды «Әз Наурыз» деп те атаған. Мұндағы «әз» сөзі – тарихи таныммен байланысты және төрт түлікке қатысты сирек қолданылатын ұғымдардың бірі. Қазак халқы табиғат құбылыстарына қарап көктемнің қашан шығатынына болжам жасаған: егер қарға қойдың құмалағы батса, көктем ерте әрі жайма-шуақ болады деп есептеген. Осылайша, табиғатпен етене байланыста көктемнің жаңа күні толық келді деп пайымдаған. Қазак қана емес, түркі тектес халықтар қоршаған ортаға, табиғатқа, су көздеріне ерекше құрметпен қараған. Айдалада булақ басындағы ағашты «әулие ағаш» деп қастерлеуі – соның айғағы. Сондай-ақ әр мезгілдің табиғи жайылымдарды тепе-теңдікте ұстап, табиғатпен үйлесімді өмір сүрген. XVIII–XIX ғасырларда Орта жүз казак-

мен өсімдіктер, жан-жануарлар анасы, ал аспан – жарық, жылу беріп, жаңбыр жаудырып, бүкіл тіршілік атаулыға жақсылық жасап, қорған болатын атасы ретінде есептелінген. Одан бөлек, төрт түлік малдың да өзіне тән иесі болды. Мұның бәрі халықтың табиғатпен үндесіп жатқанының басты көрінісі. Қазак халқының әрбір мейрамы табиғатпен астасып, оның циклымен үндесіп келетін. Мысалы, көктемде атқа міну, мал сою, егін егу сияқты дәстүрлі әрекеттер Наурызбен, жанару мен тіршіліктің оянуымен байланысты болса, күзде өткізілетін жиын-терін мерекелері табиғаттың мол өнімін жинаумен тығыз байланыста болған. Тіпті, кейбір тойлар мен діни рәсімдер де ауа райына, жыл мезгіліне қарай ұйымдастырылып, адамдардың табиғат заңдарына бағынуын, оның сыйына құрмет көрсетуін көрсетеді», – дейді этнограф.

Міне, дәл осы үйлесім – казак халқының дүниетанымында табиғатты тек қоршаған орта ғана емес, тіршілік пен мерекенің серігі ретінде қабылдағанының айқын көрінісі. Халық қоршаған ортамен тамырластығын дәріптейтін, дүние түлеп, жаңғыратын маусымдарға арналған жылдың 4 мезгілін 4 ірі мерекемен ұштастырған. Соның бірі Наурыз мерекесі – Жер-Ананың қайта түлеп, жанаратын уақыты. Осы тұста этнограф Ғалия Қайдауылқызы казак халқы бұл мейрамның өзін үш негізгі жікке бөліп, тойлай білгенін тілге тиек етті.

– Алғашқысы – тепе-теңдік ұғымы. Ұлыс тойы Күн мен Түн, Қыс пен Жаз тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойланады. Осыған сәйкес Наурыз тойы жаратылысты қоршаушы күштердің, алдымен табиғат пен қоғамның, екіншіден, ел мен елдің, үшіншіден, қоғамдағы әлеуметтік топтардың тепе-теңдігінің сақталуын талап етеді. Екіншісі – игілік. Наурыз тойы қарсаңында: «Булақ көрсен, көзін аш», – деп қаумаласқан жігіттер бастаулардың көзін ашып, қариялар: «Атандан мал қалғаныша тал қалсын», – деп булақ басына тал егіп, аналар жаңа атқан күнге: «Армысың, қайырғымды Күн-Ана, құт дарыт, жарылқа!» – деп булаққа май құйып, өсімдіктерге ақ бүркелді. Сөйтіп, табиғаттың өсіп-өнуіне жағдай жасалады. Үшіншісі – жанару. Ұлыс күні аспан денелері бастапқы нүктесіне келеді. Мал төлдеп, жер көкөптеп, дүние жаңаралды. Осыған сәйкес адамдар да шашын алып, сақал-мұрттың күзеп, жуынып-шайынып, ақ көйлек пен су жаңа киінеді, – дейді Ғалия Қайдауылқызы.

Одан бөлек, Жанару күні қарсаңында халқымыз бірнеше дәстүр мен ғұрыпты орындаған. Мәселен, казак жерінің оңтүстігіндегі казактар көктеуге наурыздың басында көшіп, отпен аластау, қауак сындыру, яғни «тазару» ғұрыптарын жасаған. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, этнограф Тәттігүл Қартаеваның айтуынша, Оңтүстік казактарының отпен аластауының көне ғұрпы туралы Н.Гродеков, Ә.Диваев жазбаларында қызықты деректер кездеседі. Қыстаудан көктеуге көшке жиналғанда аман-есен жаңа қонысқа жетуге ырымдап, ғұрыптық дастарқан жайып, бата жасаған. Одан соң, көшке шығар алдында жолдың екі жағынан үлкен екі от жағалды, әйелдердің жасы жаңақанан үлкені қауактан жасалған ыдысты алып «қауак сынды қайғы кетті», – деп дауыстап айттып, қауакты сындырады. Қауак – іші бос, тек тарамдалған кеуіктері мен дәндері бар асқабақ тәрізді жеміс. Оңтүстіктің отырықшы шаруашылықты кәсіп еткен казактары өсірген. Ішін кеулеп тазалап, тұз, қант, тәттілер салуға ыдыс ретінде пайдаланған. Сопақ түрлерін екіге жарып, ожау да жасаған. Жағылған екі от арасынан жүк артылған түйелерде өткізеді, одан кейін еркек, әйел, балалар «алас, алас» деп оттан секіреді. «Қауак сындыру» – қыстан аман-есен шыққандарына тәу-бешілік етіп, қыстан келетін қауіп-қатер сыңған ыдыспен кетсін дегені. Себебі қыстың қыстың қатты болуы жұтқа әкеліп соғып, мал басының азаюына тікелей әсер еткен. Қыста болатын жұт казак үшін ең үлкен қауіп-қатер еді. Көшті аластау, оттан секіру ғұрыптары көшпеліліктен отырықшылыққа аеуісу кезеңінен бастап жойылған.

«Байырғы казактар Наурызда кетік аяқ (ыдыс) болса сындырып, ескі заттарды «бөле-жала осымен кетсін» деп жерошақ жасап, отқа жағып, күлін көміп тастаған. Бұл ритуал ескі зат үйдегі ошаққа тасталмағандықтан, «моғал ошақ қазу» деп аталған. Қазактар арасында ертеде жұп шырақ жағу ғұрпы болған. Бұл ғұрыпқа кезінде казактың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов үлкен мән берген. Наурыз дастарқанының басына, Наурыз күні түнге қарай үйде жұп шырақ жағу дәрегі қызығушылық тудырады. Зерттеушілердің пайымдауынша, түнгі шырақтың бірі От Құдайына, бірі Ұмай Анаға (От Ана, Май Ана) арналған болуы мүмкін. Аластау, шырақ жағу рәсімдерінің архисемасы (түпкі мәні) От Әулиеге (От Құдайға), отқа табынумен (зороастризммен, шаманизммен) байланысты сенім», – делі Т.Қартаева.

Жанару күні адамның да жаңа бет-бұрыс жасауына, өткен жылмен қошта-сып, жаңа мүмкіндіктерді қарсы алуға мүмкіндік береді. Күллі табиғат тіршілігі оянып, жайма-шуақ күн басталған шақта әрбір адам жаналыққа, жақсылыққа ұмтылады. Сондықтан бұл күнді өркім жаңа мүмкіндіктерді қарсы алу, ішкі дүниесін тазалау және оң өзгерістерге бет бұру мерекесі ретінде атап өтеді.

АГРОСЕКТОР

19 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ



ЕГІН ЖАЙДАҒЫ ЕҢБЕК ЕСЕЛЕП ҚАЙТА МА?

Сыр диқандары көктемгі дала жұмыстарына дайындық шараларын серпінді жүргізіп жатыр. Биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыруда егіс алқаптарын әртараптандыру, су ресурстарын тиімді пайдалану және жаңа агротехнологияларды енгізуге айрықша мән беріліп отыр. Әсіресе, су тапшылығы жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын сақтай отырып, өнім көлемін арттыру басымдыққа ие.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Ежелден Қызылорда облысы еліміздегі негізгі күріш өндіруші аймақтардың бірі саналады. Дәй тұрғанмен, кейінгі жылдары су тапшылығы мәселесі диқан қауымына көп келері келтіріп тұр. Әсіресе, ала жаздай атыз жағалаған ағайын егін науқанын үлкен қиындықпен өткізуге мәжбүр. Соған сәйкес, Мемлекет басшысы суды көп қажет ететін дақылдар көлемін онтайландыру жөнінде тапсырма бергені мәлім.

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәлімдеуінше, биылғы науқанға күріш егістігінің көлемін 70 мың гектар деңгейінде орналастыру жоспарланған. Осы арқылы еліміздегі су тапшылығын еңсеруге едәуір сеп болатынын алға тартады.

«Жоспарға сәйкес, биыл облыс бойынша 185,8 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру көзделіп отыр. Оның ішінде дәнді дақылдар — 89,8 мың гектар, майлы дақылдар — 6,1 мың гектар, мал азықтық дақылдар — 73,2 мың гектар, ал картоп, көкөніс және бақша дақылдары 16,8 мың гектар жерге егілетін болады. Негізінен, күріш алқаптарының бір бөлігін қысқарту есебінен егісті әртараптандыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл ретте суды аз қажет ететін дақылдарды көбейтуге басымдық беріліп отыр. Мұндай тәсіл бірінші кезекте су ресурстарын тиімді пайдалану қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрін көбейтуге мүмкіндік береді», — деп түсіндірді бұл жөнінде Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының өкілшілік және өсімдік қорғау бөлімінің басшысы Асылжан Жарылқасынов.

Бұған дейін Үкімет отырысында суды ұтымды пайдалану жөніндегі шаралар туралы Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев та баяндап өткені мәлім. Әкім өз сөзінде, қысқартылған күріш алқаптарының орнына суды аз қажет ететін дақылдар егу көзделіп отырғанын жеткізген болатын. Бұл тұрғыда өңірде жүзеге асырылып жоспарланған өміршен жобалардың тізбесі де жария болды. Атап айтсақ, құны 40 млрд теңгеге жүгеріні терең өңдеуге бағытталған «Қызылорда крахмал-

Сонымен қатар тыңайтқыштар қамту ісінде де тапшылық сезілмейді. Осы ретте 2026 жылға қажетті 65,6 мың тонна минералды тыңайтқыштың бүгінде 22,6 мың тоннасы сатып алынғаны айтады.

Өңір шаруашылықтары қажетті техникалармен де толық жабдықталған. Атап айтқанда, биылғы облыс бойынша 3 975 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы қатысу жоспарланса, оның ішінде 2 047 трактор, 466 соқа, 237 тұқым сепкіш, 316 жүк көлігі және 909 трактор тіркемесі бар. Қажетті техникалар толық тексеруден өткізіліп, жөнделіп, дала жұмыстарына сақалай сай дейді мамандар. Көктемгі және күзгі дала жұмыстарының үздіксіз жүргізілуі үшін шаруаларды жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс емес.

«Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тарапынан 2026 жылғы егіс жұмыстарына қажетті 21,7 мың тонна көлемінде арзандатылған дизель отынына өтінім берілген. Оның ішінде 10,1 мың тоннасы көктемгі егіс жұмыстарына, ал 11,6 мың тоннасы күзгі егін жинау науқанына бөлінеді. Бекітілген кестеге сәйкес бұл отын шаруаларға ке-

зен-кезеңімен таратылатын болады», — дейді бөлім басшысы.

Негізінен, ежелден күріш дақылды суды көп қажет ететін өнім екені мәлім. Сондықтан да көп жағдайда су үнемдеу тәсілін күріш егістігімен тығыз байланыстыру заңдылық. Әсіресе, вегетация кезеңінде тіршілік нәріне деген тапшылық сезіліп, шаруалардың шаруасы шатқаяқтап қалып жатқан сәттер аз емес.

Дарияның биылғы күйіне көз салсаң, шынымен де атыз жағалаған ағайынның аялдауына негіз бар. Сиракпа да жетпейтін Сырдың суы Сыр салысын жайқалтуға қауқарсыз көрінеді. Мұны су саласының мамандары да, диқан қауымы да жоққа шығара алмайды. Құн санап мүшкіл күнге түскен дарияның жағдайы шұғыл шараларды қолға алу қажеттілігіне сұранып тұр. Әрдайым осындай қиындықтарды еңсеруде Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғары ағысындағы мемлекеттермен тиімді келіссөздер жүргізіп, су тапшылығы қалыптасқан аумақтарда уақытпен санаспай кешенді шаралар атқарылып тұрала. Оның ішінде суды тиімді пайдалану мақсатында егістікті кезектесіп суару мен қашырқыдағы суды екінші рет пайдалану әдістері де қолданысқа енгізіліп, Алайда шаруашылық өкілдері ала жаздай су тапшылығынан туындайтын түрлі қиындыққа тап болып, күріш көлемін шығынсыз сақтау үшін айтарлық әбгерге түсетіні оққа шығармайды.

Осы арада сарапшылар тарапынан Сырдың топырағы тұзды болуына орай, күріш көлемін шамадан тыс қысқарту инженерлік жерлердің тұзданып, жарамсыз күйге түсуіне әкеп соқтыруы мүмкін екені де айтылып жүр. Өйткені күріш өсіру суармалы жерлерді тұздандыруға сәйкес, жоңышқа сынды дақылдарды жайқалту, жанбырлатып, тамшылатып суару әдісін кенінен қолданысқа енгізудің маңызы зор деп санайды.

Егіс даласында ерте көктемнен еңбек көрігін қыздыратын даңғайыр диқандалардың биылғы науқанға үміті басым. Әсіресе, мамандар тарапынан жүгері дақылдың егіс көлемін ұлғайту арқылы жоғарыда айтып өткеніміздей, біртатар жобаны жүзеге асыру бастамасынан зор үміт күтетіні байқалады. Осы арқылы суды үнемдеп қана қоймай, аграрлық саланың әлеуетін арттыруға иек артып отыр.

Мамандар өз кезегінде мұндай кешенді шаралар өңірдің ауыл шаруашылығы әлеуетін арттыруға қана қоймай, өнім көлемін көбейтуге, су ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретініне нық сенім білдіреді. Ал Сыр диқандалары болса, биыл да мол өнім алып, ел ырысын арттыруға күш салып жатыр.

ШАРУАЛАРДЫ ШАТҚАЯҚТАТҚАН ШАРА

Жамбыл облысы аграрлық аймақ саналатыны белгілі. Өңірде асыраушы саланы алшаң бастыру бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынууда. Алайда биыл облыста егіс алқаптарының көлемі қысқарып, сала мамандарының ойын сан саққа жүгіртуде. Сонда егіс көлемінің қысқаруына не себеп? Бұл жағдай өңір экономикасына қаншалықты әсер етпек?



А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Санаға салмақ салған сауалдарға жауап табу үшін ең алдымен сандарға көз жүгіртсек. Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, биыл егіс алқаптарының көлемі 2025 жылмен салыстырғанда 16,7 мың гектарға қысқарыпты. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы дақылдарын 623,3 мың гектарға орналастыру жоспарлануда. Былтыр 640 мың гектар алқаптан 3,2 млн тонна өнім жиналған болса, биылғы меже жиын-терін науқанында белгілі болмақ. Алайда алдыңғы жылға қарағанда аз өнім жинайтынмыз айдап анық болып тұр. Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әбдіросіл Желеубаевтың айтуынша, егіс алқаптарының қысқаруына каналдарға жүргізілетін жөндеу жұмыстары сеп болып тұр екен.

— 2026–2028 жылдар аралығында Ислам даму банкінің қаржыландыруымен 76 каналға жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Суармалы жер көлемінің уақытша азаюына байланысты суды көп қажет ететін көкөніс дақылдарының көлемі 7,5 мың гектарға қысқартылып, жалпы алаңы 23,6 мың гектарды құрап отыр. Сондай-ақ бақша дақылдарының көлемі 8 мың гектарға азайтылып, 4,7 мың гектарға орналастыру көзделуде. Дегенмен биыл өңірде орналасқан қайта өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз етуге айрықша басымдық беріледі. Мәселен, дәндік жүгері алқабы 11,8 мың гектарға ұлғайтылып, жалпы көлемі 30 мың гектарға жеткізіледі. Сондай-ақ кант қызылшасының егіс көлемі 1,9 мың гектарға артып, 8,5 мың гектарды құрайды, — дейді басқарма басшысы.

Негізі, 76 каналды жөндеу жұмыстары 51,4 мың гектар алқаптың сумен қамтылу деңгейін арттыруға мүмкіндік ашпақ. Сондықтан бұл жоба шаруаларға ауадай қажет болуда.

Ал жүгері алқабының өсуіне келер болсақ, биылғы жылдың бірінші тоқсананда жүгеріні терең өңдейтін Fufeng Group компаниясының ірі өндірістік кешені іске қосылады. Жоба құны 800 млрд теңге болса, толық қуаттылыққа шыққан кезде жылына 3 млн тонна жүгері өңдеуге қауқарлы болмақ.

Каналдарды жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін 2029 жылы жүгері егіс алқаптарын 80 мың гектарға дейін ұлғайтып, зауытқа өткізілетін өнім көлемін 560 мың тоннаға жеткізу жоспарлануда. Осы мақсатта бірнеше ірі жоба жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, «Харвест Агро Холдинг» ЖШС-на 41 мың гектар жер беру жұмыстары жүргізілуде. Үш жыл ішінде инфрақұрылым тартылып, су үнемдеу технологиялары енгізілетін

болады. 20 мың гектар алқапқа жүгері егіліп, өнім толықтай зауытқа өткізілімек.

Жалпы, ірі өндіріс орнын Шу мен Мойнақ аумақтары шикізатпен қамти алмайтын болып отыр. Сондықтан жүгері етуге қосымша жерлер белгіленуде. Соның бірі — қытайлар Назарбек ауылына жүргізілген. Қазір оларға қолайлы жер қарастырылуда. Егер осы жоба жүзеге асатын болса, кенестік кезеңде алма бағымен танылған мекен енді жүгері өндірісімен өңір экономикасының өрістеуіне өлшеусіз үлес қоспақ. Ал қытайлық компаниялар бір кездері тіршіліктің тайқазаны қайнап тұрған ауылдағы қарусыз қалған екі қабатты үйлерді қайта жаңғыртып, жаңа жұмыс орындарын көптеп ашуды көздеуде. Бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындардың тұрмысын тағы жақсарту түсетіні анық.

Жамбыл облысында қызылша өндірісі де мықтап қолға алынғаны белгілі. Соңғы бесжылдықтың бегерінде өнім еселеп артып, өңдеуіш зауыттың қажеттілігін туындатуда. Биыл кант қызылшасының егіс көлемі 8,5 мың гектарға жеткізіліп, 450 мың тонна өнім алу жоспарланып отыр. Жиналған өнім өңдеу саласын дамыту бағытындағы екі негізгі кәсіпорында өңделеді.

Біріншісі — Тараз кант зауыты. Кәсіпорын 2001 жылдан бері кант қызылшасын өңдеуді тоқтатып, тек кант құрағынан өнім шығарып келген. Алайда 2025 жылдан бастап зауыт модернизациядан өтіп, кант қызылшасын өңдеуге қайта бейімделуде. Биылғы маусымда іске қосылып, 200 мың тонна кант қызылшасын өңдейді деп күтілуде.

Екінші өндірістік база — Меркі кант зауыты. Қазір зауыт тұрақты режимде жұмыс істеп тұр. Жылдық өңдеу қуаттылығы — 250 мың тонна.

Сондай-ақ 2027 жылы қытайлық Zhongkai Kazakhstan компаниясының жаңа кант зауытын іске қосу жоспарланған. Кәсіпорын жылына 1 млн тонна кант қызылшасын өңдеуге мүмкіндік береді. Міне, осылайша облыста кант қызылшасы шаруашылығын шалқытуға барлық жағдай жасалуда. Бұйырғас, 1-2 жылда тәтті түбір өндірісі өңірде жаңа белеске шығатыны анық.

Бұдан бөлек, «Кен дала-2» бағдарламасы аясында көктемгі және күзгі дала жұмыстарына 7 млрд теңге қарастырылған. Қазір 101 шаруаға 2,8 млрд теңге көлемінде 5 пайыздық жеңілдетілген несие беріліп отыр.

Бұл жұмыстар асыраушы саланы алшаң бастыратыны анық. Сондықтан бірер онжылдықтың бегерінде Жамбыл облысы ауыл шаруашылығы саласындағы алпауытқа айналды деп бағамдай берсек болатындай. Ал бұдан еліміз бен өңірдің экономикасы өрістеп, әлеуметтің әлеуеті артпаса, кері кетпейтіні айқын.

БАЙҚАУ КЕҢЕСТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «№ 6 қалалық емхана» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «№ 12 қалалық емхана» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «№ 1 көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ МКК Байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) сотталығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған), өтініш осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды адамдарына қатысты үлестестігі туралы мәліметтерді қамтуы қажет;

2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын құжандыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталығы және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар, сондай-ақ осы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды тұлғаларына қатысты үлестестігі туралы мәліметтер.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныс) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «_____ - мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____ дейін ашуға болмайды» (конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсты өткізу орны — Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 413-кабинет, тел.: 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) — 2026 ж. 19 наурыз.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) — 2026 ж. 17 сәуір.

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы, БСН 110941009767, Павлодар облысында, Май ауданы, Баскөл ауылында орналасқан 182 171,92 текше метр (278 905,26 тонна) көлемінде өзін (құрылыс) құмын бағаны төмендеуге аукцион тәсілімен сату бойынша сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды. Аукционның басталу күні мен уақыты — 2026 жылғы 7 сәуір күні сағат 10:00-де. Өтінімдер мүлкті сату бойынша электрондық сауда-саттық ақпараттық жүйесінің <https://payda.e-qazyna.kz> веб-порталы арқылы қабылданады.

«ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазушар» РМК «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы табиғи монополия субъектісінің 2026 жылғы 16 сәуірде сағат 15:00-де Қарағанды к., Әлиханов к-сі, 11а мекенжайы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы есепті тындау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері: канал арқылы су беру; магистралды құбырлар арқылы су беру; тарату желілері арқылы су беру; ағынды суларды бұру және (немесе) тазарту; электр энергиясын беру және тарату; жылу энергиясын өндіру, беру және тарату.

«Теміржол көлігі туралы» ҚР заңының 12-тарауы 94-бабының 2-тармағына сәйкес Nomadas ЖШС 2026 жылғы 26 наурыздан бастап жөнелтілетін №56/55 «Қызылорда — Көкшетау» пойызына әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдауға арналған бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейінің 2026 жылғы 1 сәуірден бастап жоспарлы 7% индекске мөлшерінде өзгертілетіні туралы хабарлайды.



19 НАУРЫЗ 2026 | БЕЙСЕНБІ

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҰЛТТЫҚ КИІМГЕ деген қызығушылық айтарлықтай өсіп келеді. Бұл – тек уақытша, сәннен қалмауды көздейтін емес, ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰБЫЛЫС. КИІМ – кез келген халықтың мәдени коды. ОНЫҢ ПІШІНІ, МАТАСЫ, ОЮ-ӨРНЕГІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН, ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІН, ТІПТІ МІНЕЗІН ДЕ ТАЛУҒА БОЛАДЫ. ҚАЗАҚТЫҢ ШАПАНЫ МЕН ҚАМЗОЛЫ, СӘУКЕЛЕСІ МЕН ТАҚИЯСЫ – ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМ МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ. БҮГІНДЕ БҰЛ МҰРА ЖАҢА СИПАТ АЛЫП, ЗАМАНАУИ СТИЛЬМЕН ҮНДЕСІП, КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ БАТЫЛ ЕНЕ БАСТАДЫ.

ҚАЗАҚША

БРЕНДТЕР:

ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

бой алдырып, қаржылық қиындықтарға тап болады. «Біз әйелім екеміз ең алғаш кәсіп бастағанда тәжірибеміз болған жоқ. Бірден тігін машиналарын сатып алдық, тәжірибесі жоқ тігіншілерге тіктірілдік. Матаның сапасына да онша мән бермеппіз. Содан дайын тауарымыздың жартысы сапасыз, ақауы бар болып шықты. Сатып алған



Мемлекет тарапынан да бұл бағытқа ерекше назар аударылып отыр. Президент бастамасымен Наурыз мейрамын он күн бойы атап өту дәстүрге айналып, соның ішінде 18 наурыз – Ұлттық киім күні болып белгіленуі – соның айқын дәлелі. Бұл бастама ұлттық киімнің тек мерекелік атрибут емес, күнделікті мәдениеттің бір бөлігіне айналуына ықпал етуде. Бүгінде кеңселерде, ресми жиындарда, түрлі мәдени іс-шарада ұлттық нақыштағы киімдерді кию қалыптасу үрдісіне айналып келеді.

Жалпы, ұлттық киімге деген сұраныстың артуы отандық брендтердің дамуына серпін бергені белгілі. Соның бірі – Didar компаниясы. 2004 жылы негізі қаланған кәсіптің бастауында ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат еткен Самат Тілеужанұлы тұр. Қазақы киімдердің сапасына көңілі толмаған ол бұл істі өзі қолға алып, жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Бүгінде оның жолын ұлы Дидар Тілеужанов жалғастырып отыр. Компания дәстүрлі үлгілерді заманауи дизайнмен ұштастырып, жылына 2 мыңға жуық ұлттық киім өндіреді. Алматыдағы «ЦУМ» сауда үйінде орналасқан дүкендері арқылы тұтынушыларға сапалы өнім ұсынып келеді.

Ал Borte бренді – ұлттық киімге деген махаббаттың нақты әрекетке айналғанының көрінісі. Оның негізін қалаған Алтынай Тұратбекова бұл іске кездейсоқ келмеген. Айсулу Татарстанға құрбыларымен бірге қыдырып барады. Сол кезде жергілікті халық оның үстіндегі қажекейге ерекше қызығады. Алтынаймен бірге фотоға түсіп, репортаж жасайды. Бұл кейіпкерімізге үлкен ой салып, осыдан кейін ол ұлттық киімді кенінен насихаттауды мақсат етіп, кәсіп бастайды. Бүгінде Алтынайдың Ақтауда орналасқан цехында премиум және қолжетімді сегменттегі киімдер тігіледі. Әсіресе, барқыттан тігілген, әсем тастармен безендірілген шапандарға сұраныс жоғары. Бренд атауы да қазақ тарихындағы көркем бейнелердің бірі Бөрте ханыммен байланысты. Бұл – ұлттық болмыс пен әйел сұлулығын ұштастыруға деген талпыныстың белгісі. Алтынай театрдан «Бөрте» спектаклін көріп, сырт келбеті мен ақыл-парасаты келіскен Бөрте ханымның бейнесін жалғанда сақтайды. Қазақтың қыз-келіншектері де сымбатты да сұлу көріну керек деп ойлайды. Айта кетейік, бұл брендтің тауарлары онлайн дүкендер арқылы сатылады.

Елордадағы Muzza Brand болса, табандылық пен үздіксіз ізденістің нәтижесінде қалыптасқан бренд. Кәсіпті бастаған Таскын Мырза мен Диана Рахым алғашқыда кателіктерге

кестендірілген, заманауи келбеті үйлескен киімдер», – дейді Диана Рахым.

Бүгінде қос кәсіпкердің жеке өндіріс орны бар. Жылына 25 мыңға жуық киім шығарады. Жоғарыда айтқанымыздай, үш қалада дүкендері

өз кезегінде отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Тағы бір өзекті мәселе – шикізат тапшылығы. Қазақстанда сапалы мата өндіріс жеткілікті деңгейде дамымаған. Көптеген бренд шетелдік матаны пайдалануға мәжбүр. Бұл өнімнің өзіндік құнын арттырып қана қоймай, өндіріс процесін де күрделендіреді. Сонымен қатар тігін өндірісінде білікті мамандардың жетіспеушілігі де сезіледі. Жас буын арасында бұл салаға қызығушылықтың төмен болуы кадр тапшылығын одан әрі ұшықтырып отыр.

Өндірістік инфрақұрылымның әлсіздігі, қаржыландырудың шектеулі болуы, шағын және орта бизнеске арналған нақты қолдау тетіктерінің жеткіліксіздігі де саланың дамуын тежейтін факторлар қатарында. Көптеген дизайнер мен кәсіпкерлер бастапқы кезеңде жеке қаражатымен немесе шағын несиенен жұмыс істеуге мәжбүр. Бұл олардың өндірісті кеңейтуіне мүмкіндік бермейді.

Дегенмен осындай қиындықтарға қарамастан, еліміздің түрлі қаласында, аудан орталықтарында ұлттық киім тігумен айналысатын кәсіпкерлер пайда болды. Олар өздерінің Instagram парақшалары арқылы тек бизнес жүр-

бар, қалған барлық қалаға тапсырыспен киім жеткізеді. Сондай-ақ цехтарында 60-қа жуық тігінші еңбек етеді. Бұл – ұлттық брендтің үлкен өндірістік деңгейге көтерілгенінің дәлелі.

Соңғы жылдары бұлардан бөлек те көптеген жаңа бренд пайда болуда. Мәселен, жастар арасында танымал этно-стильдегі киімдер ұсынатын шағын шеберханалар, дизайнерлік студиялар ұлттық нақышты street style, casual бағыттарымен үйлестіріп келеді. Кейбір брендтер ұлттық оюларды минимализммен ұштас-



аламдар киімдерді қайтадан қайтарып жатты. Біз қарызға бағдық. Ең соңында, мен тігін машиналарын OLX сайты арқылы төмен бағада сатып жібердім», – дейді Таскын Мырза. Бірақ алған бегінен қайтпаған жас кәсіпкер базарды, нарықты зерттей жүріп, бұл жолы ұлттық киім өндірісінде бақ сынады. «Бірінші бизнестегі сәтсіздіктен кейін қалтамда бір тиын ақша болған жоқ. Базарға барып, өзіме ұнайтын, жоғары сападағы шапандар мен қажекейлерді сатып алып, қайта сатумен айналыстым. Одан кейінгі сатыда біз шапандарды өзіміз жобалап, басқа цехтарда тіктіре бастадық», – дейді Таскын Мырза.

«Біз нарықта 2022 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатырмыз. Алғашында онлайн бастадық. Сосын 2023 жылы Алматы қаласындағы дүкенімізді

аштық. 2024 жылы Астанадағы дүкенімізді аштық. Ал былтыр дүкенді Шымкент қаласынан аштық. Одан бөлек, барлық қалаға тапсырыс жеткіземіз. Қазір маталарды шетелден алдырамыз. Компаниямызда 4 дизайнер жұмыс істейді. Олардың барлығы да кәсіби мамандар. Киімді жобалау үшін салт-дәстүрімізді, бұрынғы ата-бабаларымыз киген киімдерді зерттеп, кітаптар ақтарып, көп еңбектенеді. Бұрынғы киімдердің сұлбасын сақтап, қазіргі заманға лайықтап ықшамдап жобалайды. Сондықтан біздің кез-келген киіміміз кездейсоқ дүниелер емес, тарихи негізі бар, дәстүрімізге сәй-



Еліміздің түрлі қаласында, аудан орталықтарында ұлттық киім тігумен айналысатын кәсіпкерлер пайда болды. Олар өздерінің Instagram парақшалары арқылы тек бизнес жүргізіп қана қоймай, ұлттық мәдениетті жаңғыртып, оны заманауи форматта ұсынуда.

тырса, енді бірі дәстүрлі пішіндерді сақтай отырып, жаңа маталар мен технологияларды қолданады. Бұл – қазақы киімнің тек сахналық немесе салтанатты образ ғана емес, заманауи өмір салтының бір бөлігіне айналып келе жатқанын көрсетеді.

Алайда ұлттық брендтердің дамуына қарамастан, Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіптің жалпы жағдайы әлі де күрделі күйінде қалып отыр. Сарапшылардың айтуынша, елдегі киім өндірісінің басым бөлігі импортқа тәуелді. Нарықтағы өнімдердің едәуір бөлігі Қытай, Түркия, Қырғызстан және өзге де елдерден әкелінеді. Бұл

гізіп қана қоймай, ұлттық мәдениетті жаңғыртып, оны заманауи форматта ұсынуда.

Елімізде жаңа нарық қалыптастыруда. Әсіресе жастар арасында ұлттық стильге деген қызығушылық артып, оны өзіндік идентификацияның құралы ретінде қабылдай бастады.

Ұлттық брендтердің дамуы – тек экономикалық көрсеткіш емес, бұл – мәдени трансформацияның көрінісі. Қазақ қоғамында бір кездері тек Наурыз мерекесінде ғана киілетін ұлттық киім бүгінде күнделікті гардеробтың бір бөлігіне айналып келеді. Әсіресе, жастар арасында ұлттық стильге деген қызығушылық артып, оны өзіндік идентификацияның құралы ретінде қабылдау үрдісі байқалады.

Қорытындылай келе айтарымыз, ұлттық киім брендтерінің көбеюі – қоғамдағы терең өзгерістердің белгісі. Бұл – өткен мен бүгіннің арасындағы көпір. Ұлттық брендтер – тек сән индустриясының өнімі емес, ұлттың рухани жаңғыруының, өзін-өзі тануының және болашаққа нақты қадамының көрінісі.

Айгүл СЕЙІЛІ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4718
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,